



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



# ТҰРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://turkalemi.kz/>

№ 12 (желтоқсан, 245) 2022 жыл

## ҚҰТЛЫҚ ҚАҒАН КЕШЕНІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ

13 желтоқсанда Мажарстан астанасы Будапешт қаласында Халықаралық Түркі академиясы «Мажар-Тұран» халықаралық қорымен және Мажарстан жаратылыстану ғылымдары музейімен бірлесіп Моңғолияда жүргізген «Номғон» экспедициясының нәтижесінде табылған Құтлық қаған кешені мен жазба ескерткішінің халықаралық таныстырылымын өткізді. Іс-шара Мажарстан жаратылыстану ғылымдары музейінде өтті.

Іс-шара аясында Құтлық қаған кешеніндегі археологиялық қазба жұмыстарын және ондағы табылған тарихи артефактілерді қамтитын фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Таныстырылым шарасына Түркі академиясының президенті Шаһин Мустафаев, «Мажар-Тұран» халықаралық қорының төрағасы Андраш Биро, Мажарстан жаратылыстану ғылымдары музейінің директоры Бернерт Жолт, Будапешттегі Түркі Мемлекеттер ұйымы өкілдігінің басшысы Янос Ховари, Мажарстан Сыртқы істер және сауда министрлігі мемлекеттік хатшысының орынбасары Лендиел Миклош, Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының ортағасырлық археологиялық зерттеулер орталығының басшысы Алтангэрэлийн Энхтор, Түркі академиясының сарапшысы Напил Базылхан, бауырлас елдердің елшілері, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері мен түрколог-ғалымдар қатысты.

Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген Академия президенті Шаһин Мустафаев Түркі академиясының Моңғолиядағы жұмысы туралы хабардар етіп, биылғы жылы Номғон жазығында табылған Құтлық қағанға арналған кешені туралы ақпарат берді. Сондай-ақ, ол бірлескен іс-шараны жоғары

ұйымдастырғаны үшін мажар тарапына алғысын білдіріп, Түркі академиясы мен Мажарстанның ғылым және білім саласындағы ынтымақтастығы қарқынды түрде нығайып келе жатқанын атап өтті.

Бұдан кейін Құтлық қаған кешенін таныстыруға арналған арнайы жиында Номғон экспедициясының мүшелері Алтангэрэлийн Энхтор мен Напил Базылхан осы кешен және сол жерден табылған көне түркі жазба ескерткіші туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Өз кезегінде «Мажар-Тұран» қорының төрағасы Андраш Биро «Номғон» экспедициясы тапқан Құтлық қаған кешенінің маңыздылығына тоқтап, оның түркологиядағы елеулі оқиға екенін атап өтті. Мажар ғалымдары тың жаңалықтың табылуы Академияның ұзақ жылғы бірлескен ғылыми жұмыстары жемісі екенін айтып, ұйымның еңбегін жоғары бағалады. Әсіресе кешеннен табылған бітіктастағы көне түркі, соғды және браһми жазбаларын тереңірек зерттеу түркі тарихының жаңа парақтарын ашатын айтты. Сонымен қатар, олар түркі бітіг жазуының мажар руналарымен туыстық байланыстарына тоқталып, бұл тақырыпты одан әрі терең зерттеу қажет екенін атап өтті.

Айта кету керек, биыл Халықаралық Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясының Археология институты бірлесіп жүргізген Моңғолияның Архангай аймағы, Номғон жазығындағы ғылыми археологиялық экспедициясы жұмыстарының нәтижесінде Құтлық Елгеріс қағанға арналған кешен мен жазба ескерткіші табылды.



### ҚР Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің біз үшін орны қашанда бөлек. Сондықтан да «толарсақтан саз кешкен» батыр бабаларымыздың әр жылда төгілген қанының, ұлы мұраттар жолында құрбан болған асыл азаматтарымыздың асқақ армандарының, сәбиін білегімен, даласын жүрегімен тербеткен аналарымыздың аққан жасының, Жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Біле білсек, бұл біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз.

Еуразия жүрегінде, өркениеттердің ұштасқан орталығында талай ұлт пен ұлыстың қызырлы мекеніне айналған ұлы Далада азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ. Енді ер қазағым Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешуі керек. «Халықаралық Түркі әлемі» газетінің ұжымы бүкіл қазақ халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтайды! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



**TEM TOUR**  
TRAVEL AGENCY

**IATA**  
ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына  
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES KLM  
Lufthansa BRITISH AIRWAYS

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111  
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36

Астана қ., Республика даңғылы 5  
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306  
Ұялы тел.: +7 701 203 1660  
astana@temtour.net

**Radixact**  
BY TOMOTHERAPY

**ORHUN MEDICAL**

Точность воздействия  
Искусственный интеллект  
Эффективное лечение  
Безболезненное лечение

**Джем Парлак**  
Заведующий отделения  
Томотерапии

Абая, 91 3-й корпус  
0500000, г. Алматы

Пн-Пт:  
09:00 - 18:00

+7 777 039 10 76

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ

Шырылдаған халықтың жан айқайы, бодандық, аласапыран, қан төгіс... Ер мен ел намысының аяусыз жаншылуы... Бұл сұсты сөздер жинағы ретсіздікпен жиыла салған кездейсоқ әріптерден емес, еліміздің тәуелсіздік алуға дейінгі кешкен қасіретінен, аналарымыздың көз жасынан, батыр бабаларымыздың көлдей төгілген қанынан қалған қатпақ іздерден, ұлтымыздың басынан өткен, көмескіленген кескіндерінен тұрады.

Қазақтың Кеңес социалистік республикасы Қазақстан Республикасы болып өзгертілген мың да тоғыз жүз тоқсан бірдің он алтыншы желтоқсаны елдің еңсесін көтеріп, айбынын асқақтатқан айтулы күн болып тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып қалды. Қамауда қалған шарасыз құстай болса да ертеңі үшін еміреніп, қайсарлығынан таймаған қазақтың асқақ армандары мен сарқылмаған ерік-жігерінің жемісі бүгінде біздерге мұра болған – тәуелсіздік. Мұстафа Ататүрік өзінің бір сөзінде айтып өткендей «Шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр – ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті».

Ғасырлардың қатпар-қатпар қойнауына көз жүгіртсек бұл күннің ел басына оңай туа салмағанын көреміз. Талайлардың тақымынан тер кептіртпей сарсаңға салған саясат ісі өз дегенін істеп, еліміз бір пәсте бодан бола шықты. Дегенмен қанша жерден өзгеге тәуелді болса да бабаларымыз өзге ұлт құрамына енбеді, қазақылығына қиянат қылмады. Дәстүрін, тілі мен дінін, тарихын желге ұшып, өткеннің өбінде кетуден сақтап қала білді. Қазақтан шыққан зиялы қауым өкілдері өз жанын пида етіп, ел үшін қияда қаны төгілді.

«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп ержүректікке салынған, қылыштың жүзінен қызыл тіл мен қаламның өткірірек екенін ойға оралтатын рухы батыр Абай, Мұхтар, Ыбырай сынды бабаларымыздан бастап, саясаттың сан қырын зерттеп, ел ертеңін қалай да жарқын етуге күш салған Әлихан, Мұстафа, Смағұл сынды аталарымыздың ұмытуға болмайтын ерен еңбектері арқасында біз – тәуелсіз Қазақстанның жас өрендері, өз елімізде, өз топырағымызда алаңсыз күн кешудеміз. Болашақта да қаймағымыз бұзылмай, ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып мәңгілік ел болуға ұмтыламыз. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті, елге ерен еңбегі сіңген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың келесі сөздері сөзіме дәлел:

*«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін».*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Жаримбетова Р.Н  
Механика-математика факультетінің 1 курс студенті Ділдабек А.Б

## ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

2022 жылдың 10-желтоқсан күні жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде тіл үйренуші шетелдік тыңдаушыларға әл-Фараби кітапханасында экскурсия ұйымдастырылды. Кітапхана қызметкері Көбегенова Құндыз кітапхана жайлы толық мәлімет беріп, таныстырды. Әл-Фараби кітапханасы университетпен бір уақытта құрылғанын 2014 жылдан бастап жаңа технологиялармен жабдықталған заманауи жаңа ғимаратқа көшкені жайлы мәліметтен бастады. Кітапхана университеттің өмірімен тығыз байланыста болатын шығармашылық, инновациялық кітапхана – оқуға, зерттеуге біріктірілген интеграцияланған; бүкіл әлем бойынша білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету және университеттің зияткерлік активтерін танымал етуді көздейтініне тоқталып өтті.

Шетелдік тіл үйренушілер XVI – XIX сирек кітаптар мен қолжазбалар сақталатын сирек кездесетін және құнды басылымдар залымен танысып, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар ұлы ойшыл Абайдың 175 жылдығына орай ашылған Абай залы және 2017 жылы ашылған Тұңғыш Президент залымен танысты. «Жас ғалым» клубының мүшелері көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, шығыстанушы ғалым дипломат Әбсаттар Дербісәлінің 75 жылдығына орай әл-Фараби кітапханасында ашылған «Академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар» қорымен танысып, рухына тағзым етті.

Әл-Фараби кітапханасы университеттің ақпараттық, білім беру және мәдени орталығы, сапалы білім алуға барлық жағынан ықпал ететіндігі, сонымен қатар электрондық ресурстардың көптігі тыңдаушыларды таң қалдырды. Кітапханаға саяхат ұйымдастырған қызметкерлер мен ұстаздарына алғысын білдіріп, рақмет айтып тарасты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушылары:  
В.А.Габитова., З.А. Серикбаева



## ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ – ЕРҒАРА АҒАМ

Биыл бұрынғы СССР құрамында болған мемлекеттердің халықтары Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 77 жылдығын атап өтті.

Сол сұрапыл 1941–1945 ж.ж. соғыстың жеңіспен аяқталуына жанын аямай, қан төгіп араласқан және биыл туғанына 100 жыл толған ағам Әміров Ерғара Әмірұлы, Қарағанды облысы қазіргі «Дубовка» деп аталатын ауылда 1922 жылдың күз айында туған.

7 класстық мектепті бітіргеннен кейін Алматыға үш жылдық судьялар курсына оқыды. Оны бітіргеннен кейін, Қарағандыда Сот орындаушысы болып қызметте болады. 1942 жылдың май айында, Қарағанды қаласының Ленин аудандық военкоматынан әскер қатарына шақырылды.

Ерғара ағам немістерге қарсы соғысты алдымен 1942 жылды Воронеж майданының 48-ші гвардиялық атқыштар Дивизиясының батальонының құрамында болып, 1943 жылдың тізесіне оқ тиіп, алғашқы рет жарақат алып бірінші Украин майданының құрамындағы 234-ші запастағы атқыштар дивизиясының жылжымалы емханасында емделеді. Онда бос жатпай лейтенанттар дайындайтын курсты бітіріп, 1944 жылдың май айында 316-шы Тимрук атқыштар дивизиясының екі рет Қызыл Тулы 1077-ші атқыштар полкінің автоматшылар взводының командирі болып, қайтадан немістермен соғысқа араласады. Сол жылы тамыз айының бірінде Польша жерінде Самбур қалашығының түбінде болған қатты ұрыста ағамның оң иығына оқ тиіп, ауыр жарадан әрі қарай соғысқа араласуға жарамай қалады. Сөйтіп 1944 жылдың желтоқсан айында елге оралады. Ағам Қарағанды қаласында бір орта мектепте біраз жыл военрук болып қызмет атқарады.

Отан үшін соғыста көрсеткен ерліктері үшін ағам Ерғара Әмірұлы екі рет «Отан соғысы» орденімен және «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Соғыста алған жарақаттардың әсерінен ағам 1968 жылы өмірден өтті. Артында Талғат, Қарашаш деген балалары, олардан Марлен, Зарика, Жандос, Қанат, Махабат атты немерелері бар. Ағамыздың есімі қашан да ұрпағының есінде.

Бұл естелік, солар әкесі туралы, атасы туралы біліп жүрсін, ұмытпасын деген оймен жазылып отыр.

Бағира Әмірқызы Смаилова

## МЕН ТАҢДАҒАН ОҚУ ОРНЫ

Біз тәуелсіз қоғамда өмір сүріп жатқан тәуелсіз ұрпақтармыз. Біздің білім алуға деген мүмкіндіктеріміз бен қол жеткізе алатын армандарымыз бен жетістіктеріміз мол. Еліміздегі озық жоғары оқу орындарының арасынан мен неге ҚазҰУ-ды таңдадым? Университет 1934 жылы құрылып, 1991 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті болып өзгертілгенінен хабардармыз. Университет сол кезеңнен бүгінге дейін тоқтаусыз дамып келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің құрылғанына бүгінде бір ғасырға жуық уақыт болып та қалды. Әлемдік білім кеңістігінде өзіндік алар орны ерекше, көш бастап тұрған білім ордаларының бірі де бірегейі дәл осы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті дегім келеді. Университеттің тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тұспа-тұс ұшырасады. Меніңше, ҚазҰУ – жастар мекені, не жастардың қалашығы десек болады. Оның ең үлкен ерекшелігі – ауқымында. Себебі ҚазҰУ қалашығы өте үлкен, тіпті бір үлкен ауыл деуге де болады. Мемлекет басшыларымыз «Болашақ бүгінгі жастардың қолында» десе, оқу орнында жастарға бүкіл жағдай жасалған. Көз жүгіртіп қарасақ, қалашық ортасында үлкен көлемдегі Әл-Фараби кітапханасы орналасқан. Іші қазіргі ғылым талабына сай цифрлы жүйемен толық қызмет көрсетеді. Кітапхана қойнауында 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Ішінде сұраған кітаптың бәрін таба аламыз және де бір қуантатыны кітапхана электронды жүйеде жұмыс атқарады. Тағы да бір қызық жағдай, кітапхана ішінде тек кітап емес, компьютер клубы және шағын музейлер орналасқан. Әл-Фараби кітапханасы ТМД елдеріндегі алар орны ерекше, көлемді, ауқымды жалғыз кітапхана. Қалашықтың табиғаты мүлде ғажап. Ортадағы әл-Фараби ескерткішінен аса бастағанда, ары қарай сұлу Алатаудың бейнесіне куә боламыз. ҚазҰУ қалашығының ішінде Өмірбек Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы да бар. Ол да өзінің жұмысын қарқынды атқарады. Университеттің талантты жастарын осы жерден табамыз.

Ал егер университеттің білім сапасына келсек айтылар мадақтаулар өте көп. Университет халықаралық деңгейде білім беріп келді және алдағы уақытта да өз мәртебесін сақтап қалады. Мемлекеттік аттестаттаудан бірінші болып өтіп, барлық мамандық бойынша білім беру қызметін жүзеге асырып келеді. Факультет бойынша қарастырсақ онда том-том үлкен кітап жазып шығаруға тура келеді. ҚазҰУ – цифрландыру жүйесінің көшбасшысы. Себебі, әр жыл сайын университет өзіндік жаңа бағытты қалыптастыруда. Университетіміз үшін 2020 жыл да жақсы аяқталады деген үміттеміз. Себебі, 2020 жылғы университеттердің рейтингімен салыстырғанда тағы да Қазақ Ұлттық университеті көш бастап тұр. ҚазҰУ – талантты жастар мен дарынды студенттердің, білімге құштар азаматтардың мекені. ҚазҰУ – нағыз студенттік шақтардың естен кетпес естеліктерін қалыптастырушысы десек те қателеспеспіз.

Ғылыми жетекші: Нурбакова Г.С.  
теориялық және ядролық физика кафедрасының ф.-м.ғ.к.,  
аға оқытушы, магистрант: Молдрахым Гауһар Тойбазарқызы

# ПРОФЕССОР С. БИЗАҚОВ СӨЗ ВАРИАНТТАРЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ



сілеу шұбалаңқы тіркестерді орынды атап көрсетеді.

Ғалым орыс тіліндегі «и» жалғаулық шылауын «және» деп қана аудару – сөздің мағыналық дәлдігіне нұқсан келтірудің бір айғағы екенін орынды ескертеді. «билет және жүкті тіркеу, «сәнді және арзан», «пайдалы және сенімді» деп жазудың құлаққа ерсілеу естілетінін, Дұрысы «билет пен жүкті тіркеу, «сәнді де арзан», «пайдалы әрі сенімді» екенін талдап, оқырманға мәдениетті сөйлеудің жолдарын нұсқайды.

«Сонымен қатар «и» жалғаулығының түгел қайталанбай, қайсыбір кезде түсіп қалуы мүмкін немесе көсемше формасымен де аударылған кезі бар екен. Ғалымдар мен оқытушылар, баспасөз басшылары ана тілінің табиғатын, тегеуіріні мен иірімін жетік меңгерген білімді мамандар бола тұра маңдайшада жазылған «Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі», «Әлеумет және саясат бөлімі», «экономика және әлеуметтік мәселелері», «әдебиет және өнер», «хат және қоғамдық пікір бөлімдері» секілді жазбалардың орыс тілінен орашолақ аударыла салғаннан ұйқасымы келіңкірімей, кедір-бұдырлау боп тұрғанын аңғармауы қалай?» – деп орынды да ғылыми пікір айтып, сауатты айтып, сауатты жазуға шақырады.

Қазақ тілінің орыс тілінен басты бір ерекшелігі – көпше мағынаның өте сирек қолданылуы екенін де ғалым орынды ескерте келіп «қазақша қолдарым тимеді, аяқтары ауырды, көздері көрмей қалды, өкпелері қабынды, үйлер салып жүр» деп көптік жалғауымен айтпайтыны, мұндағы Қол, аяқ, көз, өкпе, үй сөздерінің лексикалық мағынасында онсыз да көптік мағына бар екенін зерделеп жазады. Профессор С.Бизақов көптік ұғымның тілімізде лексикалық, синтаксистік, морфологиялық тәсіл арқылы да берілетін кездерін көрсетіп, тұз, ұн, құрт-құмырсқа, балашаға, кәрі-жас, жолдас-жора, мәдениет, ақыл, достық – халық тілінде біртұтас ұғым ретінде қолданылатын сөздер болғандықтан, көптік жалғауын қажет ете бермейтінін орынды атап көрсетеді. «Тіліміздің өз ерекшелігін жете ескермей, орыс тіліне қарай икемдеп, сол тілдің шылауында кетіп, түбір тұлғада тұрып-ақ көптік ұғымды білдіретін сөздерге гүл +дер, су+лар, шырын+дар, әтір+лер, жеміс+тер, көкөніс+тер, сусын+дар деп көптік жалғауын жалғау немесе қойлар жайылды, шаштарым өсіп кетті, халдер

қалай, сиырлар бадасы, сүттер қазандарға толған деп, орыс тілінен сөзбе сөз аударып, көптік жалғауымен шымқап матап қою – сөз саптауымызға жараспайтын оралымдар, кальканың сорақы түрі».

«Сөз орамдарын қазақы қалыпқа сәйкестендірмей, әр сөзді санамалап, сөзіне сөз, тіркесіне тіркес жасап сірестіріп тәржімалаудың салдарынан сөз қайталауы, артық сөзбен сөйлемді шұбалаңқы етіп, жатық оқылуын қиындатуы, жете қиыстырмауы, жеке сөздердің аудармасының дәл болмай, мағыналық кереғарлығының орын алуы байқалады», – деуі де рас.

**Сейдін Бизақов «Орфографияның орны бөлек» атты мақаласында (18-қазан, 2018) Қазақ тілінің келелі мәселесінің ішінде орфография – сөзді дұрыс қолданып, дұрыс жазу ережелерінің жинағы бәрінен де маңыздырақ екенін атап көрсетеді. Қай тілде болса да емле түзелмей, іс өрге баспайтынын атап көрсетіп, «Қазақ тілін көркейтудің оңтайлы тәсілдері» аталатын кітапшаны баспадан шығарды. Алматыдағы барлық жоғары оқу орындарындағы тіл мамандарына, мерзімді баспа орындарына таратып беріп, пікір алысты. Кітапшада қысаң дауысты дыбыстардың емлесі қазіргі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі екенін айта отырып, автор қысаң дыбыстарды қысқартып жазуды ұсынады. Дей тұрғанмен, қысаң дыбыстарды қыса бермей, оларға тиісінше орын беру керек деген ойдамыз. Мақлұқ/мақұлық, саңлау/саңылау, ықлас/ықылас, атрап/атырап, таусып/тауысып деген жарыспалы қолданыстардың бірінші нұсқасын емес, екінші нұсқасын әдеби норма ретінде қалыптастыру керек болар. Кез келген жарыспалы тілдік бірліктердің ішінен әдеби нұсқаны таңдаудың басты критеріі жалпы халық тілінде (жергілікті қолданыста емес) және көркем әдеби тілде жиі жұмсалатын нұсқа таңдалғаны дұрыс болады.**

С.Бизақұлы Қазақ халқының ұлттық құндылығын танытатын тақта ойыны тоғыз-құмалақтың халықаралық аренада танылуына атсалысып «Тоғызқұмалақ әліппесін» алғашқылардың бірі болып жазды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Сейдін аға Бизақовты 85 жасымен құттықтап, ағаға зор денсаулық, амандық тілейміз. Мерейлі тойында мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасына құт-береке, еңбегіне табыс тілейміз!

Анар БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ

**Сейдін аға Бизақов** 1937-нің қарашасында Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сүмбе ауылында дүниеге келіпті. Сүмбе ауылдық орта мектебін бітірген соң, 1960 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогика университетінің тарих-филология факультетін, кейіннен Қазақстан Ғылым академиясының Тіл білімі институтының аспирантурасын (1972 жылы) тамамдап, «Фонетические варианты слов в современном казахском языке» тақырыбында кандидаттық (1972 ж.) диссертация қорғайды. Осы тақырыпты кейін кеңейте түсіп «Қазақ тіліндегі сөз варианттары» (2002 ж.) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.02 – қазақ тілі және 10.02.06 – түркі тілдері мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Д.53.38.01 диссертациялық кеңестің мүшесі.

Ғалымның ғылыми-зерттеулері варианттылық мәселесіне, сөз мәдениетіне, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие, этикеттің тілдік көріністерін талдауға және лексикографияға арналған. Түркітану бойынша түркі тілдерінің деректерін жинақтап «Түркі әлемі» жинағын шығарған. Ғалымның бұл еңбегі түркі тіліне аударылып бастырылған.

Ғалым қазақ тіліндегі жарыспа тұлғалар туралы деректерді мол жинаған, оларды жүйелеп, әсіресе диалектілік ерекшелік ретінде танылатын жарыспалы қолданыстарды анықтап, олардың мағыналас сөздерден айырмасы мен ерекшелігін терең саралаған. Жарыспалылық пен тілдік норманың аражігін көрсетіп «Тілдік норма және варианттылық» (1997 ж.), (1998 ж.), «Сөздің жарыспа тұлғалары» (1999 ж.), «Сөз нұсқалары және балама атаулар» (2008 ж.) еңбектерін жарыққа шығарған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Әсет Болғанбаевтың «Сино-

нимдер сөздігі» қазақ тілі біліміндегі ерекше құнды еңбек. Мұнда тұңғыш рет қазақ тілінің синонимдері жинақталып, сараланып, ғылыми негізге түсірілген. С.Бизақов пен Ә.Болғанбаевтың біріктірілген «Синонимдер сөздігі» (2007 ж.) синонимдер мен вариант сөздерден құралған. Бұған дейін де бірнеше рет жарияланған осы сөздік биыл С.Бизақов авторлығымен қайта жарық көрді.

Сейдін Бизақовтың «Түбі бір түркілер» (Алматы, Анкара) атты еңбегінің де өзіндік мәні бар. Анықтағыш ретінде жарық көрген бұл еңбекте түркі тілдері туралы нақты ақпарат берілген. Әсіресе сөйлеуші саны аз тілдер туралы берілген ақпараттың студенттер үшін маңызы бар.

Профессор С.Бизақовтың баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларының шоқтығы биік. **«Көзге көптік жалғау жалғанбайды деген «Ана тілі» газетінің 2015 жылғы №1 (1259) 6-14 қаңтар аралығындағы санында жазушы Төрежан Мәндібайдың «Филология ғылымдары» емес, «ғылымы» болуы керек» атты тақырыппен жарық көрген мақаласына жауап жазыпты. Тіл мәдениеті мен орфография саласы бойынша біраз ғылыми-зерттеулер жазып жүрген ғалымның өзіндік айтар ойы мен тұжырымдары бар.** «Қазіргі таңда қазақ тілінде шығып жатқан басылымдардың сауаттылық деңгейінің сын көтермейтіні ұлттық тілімізді көркейтіп, төрге оздырмайтыны белгілі. Ана тілімізді көркейтудің ұтымды бір тәсілі дұрыс сөз саптаудың қазақ тіліне қатысты қордаланып қалған мәселенің жүйелі шешімін табуымен байланысты екені анық» дей келіп, С.Бизақов Қазақ сөзімен орысша сөз саптаудың кері әсері сөз тіркесінен анық байқалатынын тілге тиек етеді: «Арқаланып кеттіні – аруақтанып кетті деп, атқа міндіні – атқа отырды деп, хабар аяқталдыны – хабар бітті деп, сегіз тұяқ қойды – сегіз бас қой, ұрғашы малды – аналық мал деген секілді ой елегінен өткізбей, қолдана салған кереғарлық, құлаққа естілуі ер-



# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

*Еркіндігім, Қасиеттім, Қастерлім  
Өзің барда өзегімде жоқ шер мүң!  
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,  
Боданына бұғауландық басқа елдің.  
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,  
Аналардың жанарына жас бердің!  
Уа, Еркіндік, қош келдің!*

Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғығына батырып, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, «Біз кіміз?», «Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?», «Қай жерді мекен еттік?», «Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?».

Біз Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз – қазақпыз! Мен – нұрлы жолмен жарқын болашаққа қадам басқан, еркіндіктің самалы ескен, асқақ арманға қол созған, «Мәңгілік Елдің» жасампаз ұрпағымын.

Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі отыз бір жыл. Осы уақыт аралығында жұртымыздың тыныш болуына себепші болған – болашақ ұрпақтың бейбіт заманда марқайып өмір сүруі үшін жан пида еткен нағыз ержүрек қандастарымыз. Тарих сахнасында есімдері мен ерліктері алтын әріптермен қалған Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды жүрек жұтқан қаһармандарымыздың әрқайсысының ел болып қалыптасудағы орны ерекше. Олар – ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген адамдар. Одан қала бере, қандыкөз отар саясаттың құрбаны болған қазақтарымыз қаншама? Үш бөйтерегіміз сынды жүректері «қазағым» деп алып ұшқан сол заманның зиялы қауымына қазіргі егемендігіміз үшін бас иеміз!

Тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупі төніп тұрған сәттерде тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан жігер алған Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті мен қасиетін тең ұстаған тарихына айналды. Әйткенмен, Желтоқсан оқиғасы ызғарлы естілсе де, оның жаңғырығы жанымызға нұр себелеп, елімізге Тәуелсіздіктің таңын әкелді. Осылайша бабалардың жалынды рухы күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты.

Тәуелсіз Қазақстан – Елбасы еңбегі. Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Демек, Қазақстан жолы – Елбасы жолы.

Ендеше, жарқын болашаққа қадам басып келе жатқан халқымыз үшін Тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін!

*Азаттығым!*

*...Саған жету қиын болса қаншалық,  
Сақтап тұру қиынырақ одан да!  
Алла берген азаттықтың әр сәті  
Аманат қой маған, саған, оған да!*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы  
Жаримбетова Р.Н

# ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ЖАҢҒЫРҒАН ҒЫЛЫМ

Жеке тұлға үшін де, тұтас бір мемлекетті құрайтын ел үшін де аса маңызды болып табылатын Тәуелсіздіктің құны да аса қымбат. Мемлекет тәуелсіздігінің баяндылығы көптеген ішкі және сыртқы факторларға, әсіресе, оның ішінде ғылым-білім саласының даму қарқынымен тікелей байланысты. Бір сөзбен түйіндегенде, ғылым – Егемен еліміздің рухани және экономикалық дамуының бірден-бір тетігі. Сондықтан тәуелсіз мемлекетіміздің стратегиялары мен жоспарларында оның дамуындағы басым бағыт ретінде ғылымның орны ерекше аталып, отандық ғылымды халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа үлгіде дамыту жүзеге асырылып келеді.

Егемен еліміздің ғылымы мен әлемдік заманауи ғылыми үрдістер арасындағы үндестікке қол жеткізуі тұғырлы тәуелсіздігіміздің тағы бір кепілі ретінде қабылданып отыр. Осы тұрғыда 2010 жылғы Декларацияға сәйкес Қазақстанның Білім беру министрлігі шешімімен Болон процесіне қатысушы ел қатарында орын алуы университетіміздегі оқу үдерісінің халықаралық стандарттарға сәйкес қайта құрылуына алып келді. Қазіргі білім беру мен ғылым жүйесіндегі кадрларды даярлаудың үш сатылы моделі, (бакалавриат – магистратура – PhD докторантура), екі дипломдық білім беру, білім беру мен ғылымды демократиялық басқару қағидалары, студенттердің академиялық еркіндіктері, ғылыми-зерттеулердің еркіндіктері, білім беру мен ғылыми зерттеулердің ұштастырылуы, я орайластырылуы, т.б. мемлекетіміздің тәуелсіздігі тұсындағы реформалар болып табылады. Бұл аталған реформалардың маңыздылығы сол – ол отандық ғылымның және университетімізде берілген білімнің шетелдік, я әлемдік нарықтағы бәсекеде өз қабілеті мен әлеуетін сынауына жол ашты. Тәуелсіз мемлекетіміздің ғылыми-зерттеулердің еркіндіктері, білім беру мен ғылыми-зерттеулердің ұштастырылуы, я орайластырылуы стратегиясы негізінде жарияланатын «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсы» ғылыми қызмет субъектілерінің отандық ғылымды дамытудағы ісіне серпін берді. Техникалық, жаратылыстану, әлеуметтану, гуманитарлық сияқты түрлі салалар шешіміндегі өзекті мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіп, нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін бұл конкурс университетіміздегі оқытушы-профессор құрамның білім берумен шектелмей, өзінің академиялық қызметі барысында байқаған мәселелер мен құбылыстар төңірегіндегі ғылыми ізденістеріне мұрындық болғанын жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасында орындалған ғылыми-зерттеу жобалары негізінде дәйектеуге болады. Тіл білімі ғылымының жаңа бағыттары бойынша Э.Д.Сүлейменова, Г.Б.Мәдиева, Ж.Қ.Ибраева, А.Қ.Таусоғарова сынды ғалымдардың әр жылдардағы орындалған жобалары қазіргі қоғам сұранысын қанағаттандырып, оқу үдерісінде және қажетті салаларда өндіріске енгізілді.

XXI ғасыр ақпараттық-технологиялармен орайлас қазақстандық корпустық лингвистиканың дамуына өзіндік үлес қосқан «Қазақ тілі ұлттық корпусының зияткерлік ақпараттық жүйесін құрастыру» атты жобасы жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы ұжымының қатысуымен орындалды. Жоба нәтижелері көпшіліктің қолданысына <http://web-corpora.net/KazakhCorpus> сайтында ұсынылды.

Келешек филолог мамандарға «Лингвоконфликтология», «Сот-лингвистикалық сараптама» курстарынан дәріс жүргізу барысында медиа ресурстардағы кейбір жарияланымдардың ұлтаралық, дінаралық қақтығысқа түрткі болу мүмкіндігі және оның тілдік құралдары сияқты қолданбалы сипаттағы мәселелер бойынша зерттеудің қажеттілігіне орай «Қазақ және орыс тілдеріндегі масс-медиа этностереотиптерінің контент-талдауы» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылды. Бұл жобаның қарастырылған мәселелері Егемен еліміздің ғылымды дамыту жолында басшылыққа алынатын «халықтың рухани мәдениетін түлету» идеясымен және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (2017 жылғы 12-сәуір) атты мақаласындағы сананың ашықтығы, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, Ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизм, XXI ғасырдағы ұлттық сана тұрғысында айтқан идеяларымен үндестікте табылды.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ғылымды дамытудағы ғылым мен өндірісті байланыстыру стратегиясы кафедралық жанынан құрылған «Қазақ тілі: әлеуметтік тіл білімі және психолінгвистика» зертханасы, «Лингвистикалық орталық: кеңес беру және сараптама», А.С.Аманжолов атындағы «Түркі әлемі» оқу кабинеті, «British Center», «Компьютерлік лингвистика» орталықтарының жұмыстары барысында жүзеге асырылып жатыр.

Әл-Фарабидің білімді ақылмен ұштастырғанда ғана адами болмысымызды сақтап қалатындығымыз туралы қанатты сөзін саналарына мықтап бекіткен кафедра ұжымы бүгінде тату-тәтті, берекелі еңбектенуде. Ұстаздардың өнегелі тәрбиесі мен бір-біріне деген мейірімге, жылулыққа толы көзқарастары талай жанның жүрегін жылытып, көңіліне сенім ұялатары айқын. Аталған оқытушыларымыз жас буын өкілдерін тек біліммен ғана сусындатып қоймай, оларды толыққанды азамат етіп тәрбиелеуге, өмірлік жолды таңдауда әр адамның адами қадір-қасиеттерін бойына сіңіруге, жарқын болашақ үшін ерінбей, тынбай еңбек етулеріне қол ұштарын беріп, демеп отыратын жандар. Әр оқытушының өзіне тән өзіндік әлемі, тартымды талғамы, рухани мол байлығы, айналасына деген мейірімі мен мол шапағаты өзіне ерекшеленіп тұрады. Сыпайылықты жандарына серік қылған, ғылымға адалдықты берік ұстанар ғалым-ұстаздар – өз шәкірттеріне ғана емес, жалпы ғылымның ертеңі күйітеп, елдің еңсесін түсірмеуді армандайтын алғыр азаматтарға айнымас үлгі.

Қазақ ғылымының көкжиегіндегі қарлығаш ұйым, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетіндегі жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы ұжымына істеріне береке, ойларына ұтқырлық, бойларына сабырлық, еңбектеріне адалдық тілеп, осы жолдан жаңылмай, білім мен ғылымның көне сүрлеуін жаңа ізденістермен бедерлей беріңіздер демекпіз!

Р.А.Авакова, филология ғылымдарының докторы, профессор  
А.Қ.Таусоғарова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
С.Б.Бектемирова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.С.Алдашева, PhD докторы



# КІТАПХАНА – РУХАНИ ҚАЗЫНА ОРДАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі әл-Фараби кітапханасында 2015 жылдың 15 қазанында ашылған Ауғанстан Ислам Республикасының кітап бұрышына жылда ауғанстандық студенттер танысуға келеді. Жыл сайын түрлі кездесулер мен жиындарда Әл-Фараби кітапханасына міндетті түрде келіп, кітап бұрышымен танысады. 2018 жылы Ауғанстаннан келген журналистер Қазақстанда білім алып жатқан ауған студенттерімен, университет оқытушылары және кітапханашылармен кездесіп, диалогтік алаң құрған болатын. Одан кейінгі жылдары да келген қонақтар кітапханамен және ауған елінің азаматы, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің түлегі Бис-

симилла Табан ұйымдастырған Ауғанстанның кітап бұрышымен танысып, кітапхананың «Қонақтар кітабына» өз қолтаңбаларын қалдырады. Жылда экскурсия соңында естелікке суретке түсіп, екі ел арасындағы білім бағдарламасы бойынша білім беріп жатқан ҚазҰУ-ға және әл-Фараби кітапханасына алғыстарын айтып, алдағы уақытта да Ауғанстан кітап бұрышының қорын толықтыруға үлес қосатындарын айтып, екі ел арасында мәдени байланыстың жалғасын табады деп сенім білдіреді.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары:  
К. Ж. Әбдібекова., В.А.Габитова

## ШЫҒЫСТАНУШЫ ҒАЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ

Әбсаттар қажы Дербісәлі – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, шығыстанушы ғалым, дипломат, мемлекет, қоғам және дін қайраткері. Әбсаттар Бағысбайұлы артына бай ғылыми мұра қалдыра отырып, шығыстану, дінтану саласында өзіндік дара жолын қалыптастырды. «Әбсаттар Бағысбайұлының ҚазҰУ-да араб бөлімі мен Шығыс тілдері кафедрасын және шығыстану факультетін ашып, оның тұңғыш меңгерушісі және деканы болды. Тілдер және халықаралық қатынастар бойынша проректор қызметін атқарды. Академик Әбсаттар Дербісәлі университетімізге Әбу Насыр әл-Фарабидің атын беру жолында көп еңбек сіңірді. Арабистика саласы бойынша еліміздің тұңғыш ғылым докторы, тұңғыш профессоры, тұңғыш академигі атанды. Арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде ғылымға терең бойлап, монографиялар мен құнды еңбектер жазды.

2022 жылдың 2-желтоқсанында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде көрнекті ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің 75 жылдық мерейтойы өтті. Шараға ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымның жары Рафия Бөкірқызы мен балалары, Түркия, Ресей, Мысыр, Иордания, Өзбекстан, Тәжікстан, Иран мемлекеттерінің елшілері мен консулдары, дін саласының қызметкерлері, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушы жастар қатысты. Алдымен, ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында «Академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры» мен шығыстану факультетінде академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы дәрiсхана ашылды. Тарихи бөлмеде білім алушы жастар үшін көне кітаптар мен ғалымдар жазған қолжазбалар қойылған. Сонымен қатар ғалымның ғылыми еңбектері жинақталған кітаптың тұсаукесері өтті.

Салтанатты жиын «Шығыстану және руханият мәселелері»

тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға жалғасты. Пленарлық отырыста ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, ҚР Премьер-министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаеваның, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хаттары оқылды. Өз кезегінде «Нұр-Мұбарак» Египет-Ислам мәдениеті университетінің ректоры Мұхаммед аш-Шахат Абдулхамид Мұхаммед әл-Джинди, Егемен Қазақстан» РГ» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлы, Әбсаттар Дербісәлінің жары, ҚР Дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген ардагері Рафия Бөкірқызы сөз сөйлеп, бұл шараның маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы – Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы баяндама жасады. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Әбсаттар қажы Дербісәлі – саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалым. Өзіне жүктелген дінбасы қызметін абыроймен атқарды. Мәселен, дін саласында құжаттандыру, ісқағаздарын жүргізу мәселесін ретке келтірді. Отандық дін мамандарын даярлауға баса көңіл бөліп, 2001 жылы «Нұр-Мұбарак» Египет-Ислам мәдениеті университетін ашты. Қазіргі таңда аталмыш білім ордасы діни жоғары білімді, білікті мамандар даярлайтын оқу орнына айналды. Сондай-ақ еліміздің тоғыз аймағынан тоғыз медресе, бір қарилар даярлайтын орталық ашты», – деп ғалымның дін саласында атқарған жұмыстарына тоқталды.

Көзі тірі болғанда ғалым мерейтойының құрметті қонағы болып, әріптестерінің, үзентілес ғалымдардың, шәкірттерінің ыстық лебізіне бөленер еді. «Ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді» демекші, ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі артына мәңгі өшпес мұра қалдырды.

ҚазҰУ Шығыстану факультеті  
Түрксой кафедрасының аға  
оқытушылары:  
А.Ж. Назарова, Г.Қ. Теменова



*«Адам болудың алғы шарты – адал болу. Адалдық – атаның қанымен, ананың сүтімен бойға дариды», – деп Хейдар Алирзаұлы айтқандай, қырық үш жыл бойы есепшілік саласында адал еңбек етіп келе жатқан ардақты ана, адал жар, ғажап әйел, Түркі халықтары Әйелдер комитетінің мүшесі – Ұйтқыбаева Сауықгүл Сауықбайқызын 22 желтоқсанда келіп жеткен 60 жас мерейтойымен құттықтаймыз!*

*Сауықгүл Сауықбайқызы – кез-келген ортада шексіз құрметке бөленетін биік парасат иесі. Ол – бүгінде үш ұл, бір қыздың анасы. Оның қиындық пен қуанышы қатар келген өмір жолы кімге де болсын үлгі. Сондықтан, Сауықгүл ханымға «Халықаралық Түркі әлемі» газеті ұзақ өмір, қажымас қайрат, талмас қанат тілейді. Көрген қызығыңыздан, көрер қызығыңыз мол болсын!*



## ТУҒАН ТІЛДІҢ ҚАДІРІН БІЛЕМІЗ БЕ?

Таза қазақша сөйлеу – мәдениеттіліктің белгісі

Жер жүзінде 250-ден астам мемлекет, 6000-нан астам тіл болса, оның ішінде қолданыстағы мемлекеттік статусы бар тілдер бар. Оның ішінде жоғалу алдында тұрған, тек тарихтың көне ақпараттарынан көз шалып қалатын, бүгінде жер бетінде жоқ тілдер де кездеседі. Сонымен қатар «мемлекеттік тіл» мәртебесіне ие болғанымен, статусына сәйкес құрметке ие бола алмай келе жатқан тілдердің де күні бүгінге дейін өмір сүретінін жасыра алмаймыз. Тіл тағдыры ел тағдырымен біртұтас болғандықтан, тілдің мәңгі жасауы халықтың ұлттық құндылықтарын жоғарғы дәрежеде дәріптеуімен сипатталып отырады. Дербес еліміздің тарих тамыры тереңге бойлаған, қасиет оты еш сөнбес ұлттық тілі әр қазақ патриотының жүрегінде сөйлеп тұруы тиіс. Қасиетті тіліміздің жоспарлы саяси даму, халқымыздың тілдік құқығын қорғау бастамасы, көркем әдебиет пен ісқағаз тілін қалыптастыру жұмыстары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұв сынды зиялыларымыздың ерен еңбегінен бастау алған. Заман қысымына орай, ұлт болашағы бұлыңғыр тартқан шақта, ұлттық тіліміздің тағдырын шешуде зиялыларымыз ұсынған жол айрықша болды. Сол себептен де, тіліміздің бүгінгі мен болашағын бағамдау үшін осы жолды сабақ ала жалғастыруымыз қажет. Тіл мәселесіне байланысты зиялыларымызды ұлықтауға қойылар талаптар қандай?

Әрине, тарихтан белгілі, еліміз 250 жылдан астам уақыт Ресей державасының бодандығында болды. Жалпы бодандық елдің жай-күйі ежелден белгілі болып тұр. Тәуелсіздігінен айырылып, тағдыры көлеңкеленген халық жасқаншақ келетіні белгілі. Осындай қиын шақта, тілдік құқықтың қорғалуын өзекті мәселе етіп көтеріп, ірі державаға талап қоя білген арыстарымыздың әрекеті, бүгінгі тіл тағдырының бастамасы деуге болады. Өткен ғасырдағы тіл тағдырының қиындығын бодандық себебімен түсіндірдік делік. Ал егемен ел Қазақстан ретіндегі тәуелсіздік жағдайындағы мемлекеттік тілдің бүгінгі өміршеңдігі, хал-ахуалы қандай?

Ұлттық тілді құрметтеу әрбір қазақ орындауға тиіс маңызды міндет. Еліміздің барша азаматтарына мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне материалдық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасалған. Халықты топтастырудың маңызды факторы – мемлекеттік тіл. Ұлттық тілдің құндылығын жоғалту ел келешегі үшін үлкен кесел. Кесел демекші, елімізде ұлттық тілдің мәселесі сан жылдар бойы кезек күттірмейтін, кеселі көп мәселе болып келеді. Кезек күттірмейтін дейтін себебіміз, бүгінде, қазақ тілінің хал-ахуалы бірқалыпты жағдайда емес. Мемлекеттік статусы болғанымен, көп жағдайда қолданылу аясының тарылып бара жатқаны да байқалады. Қоғамда ана тілім – қазақ тілі деп айта алғанымен, ана тілінде сөйлеуге шорқақ немесе тіпті де сөйлеу білмейтін қазақ азаматтары бар. Тіпті қарапайым халықты қойып, аты дардай депутаттарымыздың қазақ тілінде жасаған мәлімдемелерін естігенде, жағамызды ұстаймыз, бірақ ана тілімізге шорқақ жандарды қазақша сөйлеуге міндеттейтін заңның да барын ескере кеткен абзал. Қазақ тілінің адамдар арасында тар қолданысқа ие екенін рас. Еліміздің басым тұрғындары қазақ тілінің қолданысына кері әрекеттер жасауда, сондағы ана тілден безіп, тілге тиек ететіндері орыс тілі. Біршама алпауыт компаниялар мен мекемелерге жұмысқа алу кезінде алдымен орыс және ағылшын тілдерін білуі талап етіледі. Мемлекеттік қызмет аясында да қойылатын басты талап осылар. Көп жағдайда, қазақ тілі дәрежесінің төмендігін оның үйретілу сапасынан емес, сұраныстың аздығынан, тиісті дәрежеде қажеттілікті болмауынан іздеген дұрыс. Қазақ тілін білуге қойылатын талап жайы тіпті әділетсіз дер едім.

Жадриев А.А., Мырзакул Т.Р.



## ЖАҢА ЗАМАННЫҢ ОЗЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

XXI ғасыр – ақпараттық қарыштаған, технологияның жетілген кезеңі. Осыдан 2 жыл бұрын әлемдегі төтенше жағдайға байланысты карантиннің салдарынан қашықтан білім алып, онлайн форматқа көшіп кеттік. Қашықтан оқу мен жұмыс жасау ең әуелі, білім алушы мен ата-ана үшін қиын болғаны анық. Дамыған елдің қатарына қосыларлық мемлекет болған соң, төтенше жағдай еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін интернетті дұрыс қолдануды меңгертіп, заман талабына сай болуды үйретіп те тастады. Онлайндық формат «жұмыс жасаймын, оқимын, дамимын» деген ынтасы бар азаматтарға еш кедергі болмады, керісінше, бірнеше жұмысты қатар ала отырып, уақытты үнемдеуді, жан-жақты дамуды үйретті. Ендеше 2 жыл бұрынғы қиын-қыстау кезеңге көз жүгіртейік.

Әлем елдерін дүр сілкіндірген аты жаман індеттің таралу қаупін алдын алу шаралары аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да докторлық диссертациялар онлайн форматта қорғалды. Осы тұста рухани жаңғырудың озық байланысын көргеніміз анық. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығын айқындап берді: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шектен қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттық алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан маңызды жұмыс. Себебі, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдерістің бірегейі болды.

Осы сәтте қиын жағдай да білім берудің онлайн, офлайн жүйесін жүйелі қолға алып отырған қара шаңырақтағы қорғалған жұмыстар жайын баяндап өтейін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінің диссертациялық кеңесінде 27-28 мамыр аралығында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін М.С.Бектурганованың «Приоритеты и экономические механизмы перехода к низкоуглеродному развитию нефтегазового сектора Казахстана» тақырыбында «экономика» мамандығы бойынша және А.К.Кожамбетованың «Evaluation of high-tech project success in the Republic of Kazakhstan based on international standards of project management» тақырыбында «жобаларды басқару» мамандығы бойынша докторлық диссертацияларын қорғау мәжілісі онлайн форматта өтті. Көрсетілген барлық жұмыстар «менеджмент» кафедрасында және «Ғылым ордасы» ҚР БҒМ ҒК экономика институтымен бірлесе «экономика» кафедрасында дайындалған. Онлайн мәжіліс жиынында алдын ала ойластырылған жоспарға сәйкес ешқандай кедергілер орын алмастан, бәрі жоғары деңгейде өтті.

Одан соң, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭЖБЖМ жанындағы диссертациялық кеңес шетелдік ғалымдардың қатысуымен «экономика», «әлемдік экономика», «инновациялық менеджмент», «логистика», «жобаларды басқару», «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтар тобы бойынша жұмысын жалғастырды.

**Жетекші: Мұхаметұлы Б. PhD, теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы**  
**Магистрант: Қайырлы Данагүл Қайырлықызы**

## ҚОЛДА БАРДА АЛТЫННЫҢ ҚАДІРІН БІЛІҢІЗ

Мақаланың тақырыбынан-ақ менің қозғағалы отырған дүнием белгілі шығар. Ең әуелі «мүмкіндік» сөзін естігенде әр адам басынан өткен қиын кездегі мүмкіндіктерін, өмірдегі жетістіктерін мүмкіндік деп қабылдай анық. Бірақ, барлық өзіміздің ойымыздан бастау алғаны байқамай да жатамыз. Осы тұрғыда, барлық жерден дос таба біліп, жақсы дүниелер ойлаған абзал:

Адал дос барлық жерде керек екен,

Өмірде достың орны бөлек екен.

Жақсы дос жадыратса, жан дүниенді,

Жаман достан жамандық келеді екен.

Осы өлең жолдарына тереңірек үңілсең айналандағы достарыңа «қаншалықты көңіл бөліп жүрсің?» деген сауал келері сөзсіз. Сондай-ақ, елімізге қиын болған 2020 жылдардағы корона індетінен болған қашықтан оқыту қарым-қатынасқа кедергі келтірді ме деп те ойланасыз. Әрине, бірге жүріп, бір оқыған достарыңнан аз уақытқа қол үзу өте қиын. Бірге күлмейсің, қайғыңды бірге ортақтаса алмайсың. Алайда заманның жетістігіне сәйкес онлайн арқылы біраз мәселелер өз шешімін тауып, әлеуметтік желі арқылы достармен табысуға, танысуға үлкен мүмкіндік болғаны жасырын емес. Бірге оқып, бірге тестке не болмаса оқу орнындағы дәріске қатысудың өзі осы онлайнның жетістігі дер едім. Оны айтпас бұрын, ең алдымен қашықтан оқытуға мектеп, ЖОО қаншалықты дайын болды? Соған кезек берелік.

Қашықтан оқытуда қалай «оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-

екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды. Сол себепті, қандай формат болса да еркін қолдана білетін қара шаңырақ бүгінде көшбасшы ЖОО-ның бірегейі десек те болады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты: Нүрпейсов А.Қ., PhD Зарипова Ю.А.**

## ТҮЛЕКТЕРГЕ БІР КЕҢЕС

*Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, білім де сондай керек.*

*Ахмет Байтұрсынұлы*

Өмірде кей адамдар таңдаған мамандығы мен қалаған жоғарғы оқу орнына өз қалауымен түссе де кейінірек оқуға құлқы бола бермейді. Уақыт өте тезірек университетті бітіруге асығатындар да табылып жатады. Жоғарғы оқу орнына түсіп алып, оны оқудағы мәніне жете мән бермей, оқудан өз еркімен шығатындар да кездеседі. Мысалы, «4 жыл бойы университет қабырғасында бар күш-жігерімді салып оқисың, ал жұмыс істеуге келгенде тәжірибем жоқ», «Өмірімдегі 4-5 жылымды босқа өткіздім, ал өз мамандығым бойынша жұмыс істемей келмейді», «Оқу барысында бізге міндеттелген пәндер өте көп, барлығын оқимыз, ал өмірімізге мұның бір де бір қажеті болмайды ғой», «Қызыл дипломмен бітірдім, бірақ ештеңе қолымнан келмейді» осы сынды пікірлерді құлағымыз соңғы кездері жиі шалып жатады. Мұндай жанайқайлар соңғы кездері өте көп. Осыған сәйкес «жоғарғы оқу орнында білім алу бізге не береді?» деген сұрақ түлектердің санасын мазалауда. Олай болса мен өзіме көмек болған кеңестер легімен бөлісейін.

Ең алдымен, университет сізге мәңгі серіктес бола алатын достар тауып беруге көмектеседі. «Студенттік өмір – өміріңнің бал дәурен шағы» деп бекер айтылмайды. Ал, жоғарғы оқу орны - тәлім-тәрбиенің бір мекені. Өзгелерге қарап бой түзей аласыз. Қазіргі кезеңде білім беретін қайнар көздер көптеп кездеседі. Соның ішінде жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Жоғарғы оқу орны ғылыми әрекетті жүзеге

асыра отырып, жоғарғы кәсіби білім беретін оқу ордасы. Міне соның ішінде жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түпкір-түпкірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қарастырылған. Ол дегеніміз студенттерміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

**Жетекшісі: Имамбек О., ф.-м.ғ.к., теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті**  
**Магистрант: Жақыпбек Аружан Аманбекқызы**

## ENGLISH LEARNING IN KAZNU

Al-Farabi Kazakh National University is one of the leading educational institutions in the Republic of Kazakhstan. It prepares the high-qualified specialists in the field of humanities and natural sciences. Some years ago the university changed its status. Today it is the University of a Research Type. The university has gained a huge popularity among not only the young people of the Republic of Kazakhstan but also among the young people of CIS countries and some foreign countries. This university was always for its high-qualified teaching staff. Nowadays al-Farabi Kazakh National University has joined many international educational organizations. It is actively cooperating with the educational institutions of Russia, the USA, Great Britain, France, China and Germany. Al-Farabi Kazakh National University which was named Kirov State University in Soviet times is considered the largest and the first university in Kazakhstan. It is a university with a great history and old traditions. This university was founded in 1934. Lots of famous Soviet scientists came to work at this university from different countries of the Soviet Union. The great influx of the scientists from Leningrad and Moscow was observed during II World War when Kazakhstan became an industrial and technical base for the front. Many years later the university was able to establish itself in the post-Soviet space as one of the best high-educational institutions along with Lomonosov Moscow State University, Sankt-Petersburg University and other famous universities of CIS.

Nowadays the university is fulfilling very important task imposed to it by the government of the Republic of Kazakhstan. The university is responsible for the qualitative training of the research staff. After graduating the university most of its graduated will be engaged in the research sphere. It means that these people will work at the research centers of the Republic of Kazakhstan. So, for the most effective preparation the university pays a great attention to the studying of English. As English is a language of international science. 4 years ago, there were established English courses and a TOEFL centre for the employees and students at the university. As distinct of other language courses functioning in the Republic of Kazakhstan these courses are inexpensive. The idea of establishing these courses belongs to Prof. Muldagalieva A.A. The teachers of this chair

provide additional lessons of English to the students from all the faculties of the university within these courses. The teachers develop not only listening, reading, speaking skills but they also develop students' scientific writing skills and scientific reading skills. The teachers teach students to understand the texts on their specialty and write scientific articles. These two skills are of a great significance for the current students of al-Farabi Kazakh National University, especially for PhD students and master students. Because master students and PhD students should do their 10-days research training at one of foreign research centers with which the university signed an agreement. So the authority of the university agreed to support this initiative to provide their students with language training. When completing this language -training course students who passed it acquire a good speaking and grammar competence. They can speak on everyday's topics; write letters and scientific papers, read the literature on their specialty. Also the lecturers who deliver their lectures in English actively attend these courses. But they only take courses of scientific writing.

Having changed its status from the ordinary high-educational institution to the University of Research Type al-Farabi Kazakh National University made some changes into its study plans. There were organized students' groups at each faculty where all studied are conducted in English. There have been established English clubs for students which are functioning at the chairs of foreign languages of the university. These clubs play an important role in the development of speaking skills of students. The teachers of English regularly conduct many educational with the students in English. During these events students get an opportunity to speak with each other in English. Also such kind of educational events create English-speaking environment. After the participation in these events students gain become confident in their speaking abilities; they can cope with a language barrier that is always an impediment for them when they go abroad. The most popular educational events in English conducted at the university are "My motherland", "Food", "Shopping", "Internet", "My specialty "Nature and I". Besides, there are many projects for the students. They are "Green Campus", "100 books", "Brighten the corner where you are" and "Health lifestyle". These projects are put into life through educational events conducted by the lecturers of

the university. It should be also noted that most of the events within this project are conducted in English. To develop the skills of scientific English the knowledge of which is very important for the future researcher the chair of foreign languages of natural faculties annually conduct educational events in the form of conferences and mini-lectures. The most popular of these events is the master conference: "Advancing skills towards professional excellence" which is held by the chair every year in October. At this conference the master students from all the university faculties share their research results with their colleagues from other faculties. This conference is held among the first-year master students. The participation in this conference is a preparation for master students to the real scientific conferences and symposiums. At the educational events they learn how to make scientific reports. The second type of the university educational events that is also connected with English is a mini-lecture. This event is also conducted with master students. The main purpose of this educational event is to learn to deliver a lecture on one's specialty in English. The teacher of English offers master students to prepare a short presentation for the first year bachelor students on the research topic they like. Using their presentation master students should deliver a lecture for students. This educational event also plays a very important role for a future specialist because they acquire the skills of preparing and delivering lectures in English. This skill is especially important for the students who are planning to work at university or at school as a teacher. All these events find a good approval from the university authority because they are all conducted in English which play a prominent part in the current educational process of the university. When al-Farabi Kazakh National University became a research-typed university it opened its doors for many scientists from other countries and new scientific ideas. The university actively participates in many International Research Projects and gives an opportunity to its students to participate in these projects too. The university encourages their students to study English, to write articles in English, to attend the lectures of foreign professors in English, to take part in International web-seminars.

In conclusion we would like to say that for al-Farabi Kazakh National University English is becoming more and more important these days because it opens new possibilities and horizons for the university. So, the rector of the university and his team direct their efforts to the development of the language students' competence.

**Bekmasheva B.N. Gaiipova G.A Senior Lecturers of al Farabi Kazakh National University, Almaty**

## «ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЖАЗУШЫ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



«Қоғам және жазушы» деген атпен Нұрхалық шығармашылығы туралы кафедра ұжымымен кездесу өтті. Кафедрамыздың белді ғалымдарының бірі, PhD докторы, жазушы, аудармашы Абдырақын Нұрхалық ағамыздың соңғы кездерде жазған «Жан тыныштығы» әңгімелер жинағы, «Елді ұстап тұратын төрт топ» атты

эссе мен ой толғамдар жинағы дарын баспасынан жарық көрді. «Қоғам және жазушы» деген атпен Нұрхалық шығармашылығы туралы кафедра ұжымымен кездесу өтті.

Әлем халықтары Жазушылар одағының мүшесі. 2012-2016 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің баспа үйінен «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы», «Жаңа заман қытай әдебиеті», «Көне қытай әдебиеті», «Қытайша-қазақша фразеологиялық сөздік», «Қысқаша қазақша-орысша-ағылшынша-қытайша-арабша-түрікше этнографиялық сөздік», «Қазақ және әлем тілдері мақал-мәтелдері», «Қазақша-орысша-ағылшынша экономикалық сөздік», «Қытай тіліндегі елтануға қатысты мәтіндер топтамасы» қатарлы оқулықтар мен сөздіктердің авторы.

«Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемді салыстыра зерттеу» атты монографиясы жарық көрді. Қытай тіліндегі «中国神话故事 Кытай мифтері», Ван Бонанның «哲理的天平 Даналықтың дәйегі», «中国文化之旅 Кытай мәдениетіне саяхат», Уан Мэнның «笑的风 Күлкі мен жел (роман)», Шен Шисидың «狼国女王 Қасқырдың қаншық патшасы (роман)» қатарлы кітаптарды қазақ тілінде сөйлетті. 2010 жылы Ан-арыс баспасынан «Иірім» атты романы оқырманға жетті. 2016 жылы Алматы ҚазҰУ баспасынан «Аңсау» атты әңгімелер жинағы шықты. Әңгімелерінде руханиятқа терең бойлап, өз ұлтының үзілген тамырын іздеумен келеді. Оның «Абылай ханның пірі», «Йаассауи кесенесінің салыну сыры», «Түйенің шудасындағы Құран», «Зауал», «Жан тыныштығы», «Мимырт», «Қала», «Зұлмауыр», «Ит тірлік» атты әңгімелері оқырманын бейжай қалдырмады. Бүгінгі таңда публицистикалық, ғылыми мақалалары мен әңгімелері, афаризмдері, әдеби көркем аудармалары мерзімді баспа сөзде көптеп жарық көріп келеді.

Оқытушы адамға ғылым жолы мен шығармашылық жолды қатар алып жүру оңай шаруа емес. Әсіресе Нұр ағамыздың ғылым жолындағы еңбекқорлығы мен шығармашылық жолдағы жасампаздық, ізденгіш қасиеттерін жоғары бағалаймын. Бұл жағынан Нұр ағам, замандас әріптестеріне, артынан ерген іні-қарындас жастарға үлгі-өнге болатын тұлға.

Нұр аға, Сізге ғылым жолында тың белестер мен шығармашылық табыстар тілеймін! Алла руханиятыңызды терең, мерейіңізді үстем, абыройыңызды асқақ етсін!!!

Нұртәліп Шәріпқазыұлы

## КӨРКЕМ ЖАЗУДАН БАЙҚАУ ӨТТІ



Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде А. Байтұрсынұлы туғанына 150 жылдығына арналған «А. Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» атты онкүндік аясында 24 желтоқсан күні көркем жазудан байқау ұйымдастырылды. Байқауға 2 айдан бері тіл үйреніп жатқан 30-ға жуық шетелдік тыңдаушылар қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ, «Жас ғалым»

клубының мүшелері: I-орын: Захид Мудасир, II-орын: Хашими Мохаммад, Шакир Ахмадуллах, III-орын: Неязи Гулам Раббани мен Ихсас Рахмуддин, Хабиби Ахмад Икбалдар иеленді. Ал қалған қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Байқауға қатысқан барлық шетелдік тыңдаушыларға алғыс білдіреміз!

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары: Н. Амангелдіқызы., К. Ж. Әбдібекова.

## МҮМКІНДІГІ МОЛ ӨМІР

Мүмкіндік жайында әңгіме қозғалса, көбіміз қиындықты еске аларымыз анық. Бірақ, барлығы өзіміздің ойымыздан бастау алары анық емес пе?! Осы тұрғыда, барлық жерден дос таба біліп, жақсы дүниелер ойлаған абзал:

Өз қалауың, болса егер жан досың,  
Түрлі сыйды күте білші, сен тосын.  
Жақын адам көп болғаны қолдау ғой,  
Әр адамда, болса, бір-бір, Ай-Досың!

Енді осы тұста қашықтан оқыту қарым-қатынасқа қаншалықты кедергі келтіруде деген сұрақ келеді? Оны айтпас бұрын, ең алдымен қашықтан оқытуға мектеп, ЖОО қаншалықты дайын болды? Соған кезек берелік.

«Қашықтан оқытуда қалай оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды. Сол себепті, қандай формат болса да еркін қолдана білетін қара шаңырақ бүгінде көшбасшы ЖОО-ның бірегейі десек те болады.

Б.Қ.Елубай, А.В.Юшков

## ЖАСТАРҒА БІЗ СЕНЕМІЗ!

Мына күні арнайын бір, жыр, өлең,  
Қазағымның бар жұртына бір сәлем.  
Дамып жатқан, жастарымыз, әрине,  
Білімі терең, өркениеті кең әлем.

«Адам ұрпағымен мың жасайды», осы ұлағатты сөздің астарында қаншама терең сыр жатқанын шын жүрекпен сезіне аламыз ба? Осы орайда мен, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың түлегі ретінде және өз шәкіртіммен біріге, білім жөніндегі ойымды ортаға салсам деймін. Бүгінгі күннің ұрпағы ертеңгі жарқын болашаққа жол салушылар емес пе? Ал олардың салған жолдарының жарқын болуына кепілдік бере аламыз ба? Міне, осындай сипаттағы сан алуан сауалдар кімді де болса, ойландырмай қоймас. Осындай сыни тұрғыдағы сауалдар төңірегінде ойлану, оған жауап беруде іске асқан жұмыстардың астарынан дәлел іздеп тапқандаймын. Ұрпағымыз саналы тәртіп пен сапалы білім негіздерімен қаруланған кезде ғана еркін тыныс алармыз.

Шәкіртіміз білім алсын бір терең,  
Арналады бәріңізге мына өлең.  
Жүйелі әрі үздіксіз білім алған  
Жастарыма мен бүгін қатты сенем!

Менің басты мақсатым: мектеп өміріне қайткен күнде бүгінгі күн талабын қанағаттандыратындей бетбұрыс жасауға бағыт беру. Мектептегі әріптестерімнің жаңа бағыттағы дұрыс жасаған іс-әрекеттері менің ойымды алысқа жетелеп, қиял әлеміне енгізіп жібергендей. Әсіресе мектепшілік шаралардың қызықты өтуі, ата-аналардың сенімінің артуы сенімділік пен ынтымақтастықтың бірігуіне жол ашты. Деңгейлік курс бойынша сертификатталған мұғалімдердің өткізген сабақтарының тартымдылығы оқушылардың жауапкершілік дағдыларын бойларына сіңіруіне, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға оң ықпалын тигізуде. Еліміздің ертеңгі тізгінін қолына алатын, бүгінгі күннің майталмандары алдымызда отырған шәкірттер. Қайтсек те, тек қана алға ұмтылу, болашақ қамын орнықтыру үшін келелі мәселелердің шешімін табу жолында белсенділік таныту, тапқырлық әрекеттер жасау әрқайсысымыздың парызымыз деп білемін. Тамырын тереңге тартқан кең өркениет әлеміне сұғына ену үшін шәкірттеріміз шабытты, білімді, өжет, қайсар мінезді болуы шарт. Ол үшін, алдымен мұғалімдер қауымы қазақстандық білім беру мазмұнын жаңа сатыға көтеріп, қарқынды қадам жасауы тиіс екеніне көзім жетті. Айналама қарап, мені қоршаған әлемдегі сан алуан өзгерістерге шаттана қуанып, қанатымды кеңге сермеп, шабыттана түскендеймін. Алдымыздағы үлкен асуға – біліктілік пен ұстаздық шеберлігімізді ұштастыра отырып, шәкірттерімізді, мынау кең әлемді мойындататын рухани биік шыңға шығару міндеті тұр. Терең ойларға беріліп, сенім жүгінің ауыр екендігін сезіндім. Бірақ, мен көшбасшымын, қандай кедергілер болмасын көзін тауып, шешімін табуға дайын болуым керек... Ол менің көшбасшылық ұстанымым.

А.Ж.Аманбек, А.С.Кусаинов

## ҰСТАЗ ДЕГЕН ҰЛЫ ЕСІМГЕ ЛАЙЫҚСЫЗ БА?

XXI ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы деп айтудан шаршамаймыз. Себебі қазіргі заман кез келген адамнан әмбебеп болуды талап етіп келеді және әлі де талап ету үстінде. Оның ішінде мұғалімдер де заман ағымына сай дамып, шәкіртіне сапалы білім беруді басты талапқа айналдыруы тиіс. Өз жұмысында инновацияларды, әртүрлі әдістерді қолданып, материалды еркін меңгеру XXI ғасырдың мұғалімдік бейнесі.

Қазіргі тәлімгерге қойылар талап қандай? Ол – шығармашылық қабілеттерді дамытуға жағдай жасай алатын, жаңа білімді қабылдауға деген құштарлығын дамыта алатын, өз бетінше ойлауға үйрететін, материалды оқыту барысында өз бетінше сұрақтар құрастыра алатын, өз білімін толығырақ іске асыра алатын адам. Сонымен қатар пәндерді оқуға деген ынтасын арттырып, олардың жеке бейімділігі мен талантын көтермелейтін тұлға болуы тиіс. Қазіргі мұғалім үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді. Қазіргі заманауи мұғалім кәсібіне және білім алушыға деген сүйіспеншілікті біріктіреді. Қазіргі заманғы мұғалім әр баланың жан дүниесіндегі ең жақсы қасиеттерді анықтап, балаларды алған білімін ұнатуға ынталандыруы керек, сонда ғана оқушылар мектепті бітіргеннен кейін өздерінің қоғамдағы орнын анық түсініп, оның пайдасына жұмыс істей алады.

Осындай белгілі кезеңнен өткен түлектер «студент» атанып, өзінің талаптарына сай боларлық жоғары оқу орындарына түсуді көздейді. Көздерінде жалыны бар студенттерді ары қарай дамытып, өмірлік

жолын табуға көмек беретін жоғары оқу орындарының тәлімгерлерінің де біліктілігі жоғары, тұлғасы биік болуы тиіс. Сондай ұлы профессорлар мен заман ағымындағы мамандарды жинаған университеттің бірі ретінде ҚазҰУ деп үлкен сеніммен айтар едім.

Қазіргі мұғалім – ол кәсіби маман. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның кәсіби қажеттілігімен анықталады. Қазіргі мұғалімнің, ұстаздың айрықша ерекшеліктері – оның үнемі өзін-өзі жетілдіруі, өзін-өзі сынауы, мықты эрудициясы және жоғары жұмыс мәдениеті. Өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігінсіз мұғалімнің кәсіби өсуі ешқашан да мүмкін емес. Қазіргі мұғалім қол жеткізген нәрсеге ешқашан қанағаттанбауы керек. Бұл өте маңызды. Сондай-ақ алға ұмтылу да өте маңызды, өйткені мұғалімнің жұмысы – шексіз шығармашылықтың көзі.

Бүгінгі таңда мұғалім білім көзі ғана емес, сонымен қатар оқу-тәрбие процесінің белсенді қатысушысы болуы тиіс. Мұғалімнің міндеті – әр баланы оқу процесіне қатыстырып, оны тыңдай білу, көмекшісіне айналдыру, оқушының көзімен оны мазалайтын мәселеге үңілу. Әдісті жақсы меңгерген мұғалім ғана педагогикалық әрекетті дұрыс ұйымдастыра алады, сабаққа дайындалады.

Қай ғасырда болсын, ұстаз ұлы тұлға болып қала бермек. Ұстаздығынан жаңылмас үшін бұл маман иесінің бойында жеке ерекше қасиеттері болуы керек.

Каюмов У.С., Белисарова Ф.Б.

## БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БАҚЫТЫ

Тақырыптың өзінен-ақ менің балалық шаққа деген сағынышымды байқаған боларсыздар. Әрине, балалық шақ – екінші рет қайта айналып келмес ең қызықты кезеңдердің бірі. Қазір өзімнің білімімнің арқасында ҚазҰУ-нің ең мықты факультеттерінің бірінде оқып жатырмын. Осындай жетістікке жетуімнің өзі менің балалық шағымның сәтті әрі бос еркелік болмағанының бірі деп есептеймін. Бұл мақаланы жазбастан бұрын біраз шақ басқан архив суреттерді ақтарып, көзіме бір жас алдым. Олай болса көп созбай жылы естеліктермен бөлісейін.

Балалық шақ – таңнан кешке дейін алаңсыз ойын ойнап, одан соң жұмыстан шаршап келген ата-анаңның алдынан жүгіріп шығуың. Шындығында әр адамға өмірінің әр кезеңі ыстық әрі естен кетпес естеліктерімен бағалы болып келеді. Әсіресе, әр адамның балалық шағы бақытты кезеңнің ең құндысы. Дәл 16 жасқа дейінгі кезең – үлкен мұхиттай тұнық өмірдің шағын ғана бір бөлігі. Бірақ осы шағын бөлік қанша тамаша сәттерге толы болатындығын тек есейгенде ғана байқайтынымыз, әрине, өкінішті.

Әр адамның балғын сәттері өз жанұясымен өтеді. Бала кезіміз күлкі мен балалық ренішке толы сәттер ғой. Балғын сәттерді естен шығару мүмкін де емес. Осындай сәттердің кейбірін еске түсіргенде, кейде өз-өзімізге күйініп, көңіл толмай ұрысып та жатамыз. Сол кезде жасаған көптеген оғаш қылықтарымыз бүгінгі естелігімізде орынсыз көрінеді. Алайда қандай қылық жасасақ та оның бәрі біздің балалығымыздың тарихында сақтаулы. Мектеп табалдырығын аттап, алғашқы әріпті таңуымыз біз үшін де, ата-ана үшін де үлкен жетістік. Әр әріпті жаттауымыз, жазып үйренуіміздің өзі өмірлік жетістіктің кішкентай бөлшектері. Осылайша, ата-ана қанатының астында

қанаты бекімеген кішкентай балапан бола білдік.

Одан соң, мектептен қанат қағуға асығу – өмірдің заңдылығы. Бақыт деген бір кездері ҰБТ-ны сәтті тапсырып, жоғарғы көрсеткіш көрсету еді. ҰБТ, тест, мектеп бітіру кеші, виньеткадағы әдемі фотолар біздің басты мәселеміз де болды. Көптеген ЖОО арасынан қайсысын таңдаймын деген оймен біраз уақыт өткіздік. Бірақ, осы сәтте болашақ түлектер үшін ҚазҰУ-ға түсуге өз кеңесімді берер едім. Себебі отбасы жылулығын сыйлаған достар мен ұстаздар, үлкен өмірде алға жетелеген студенттік ұйымдардың бәрі дәл осы оқу орнында бар.

Одан соң, қалаған мамандықтың иесі атанып, дұрыс қадам жасау керектігін ұғындық. Үлкен өмірге асығып, «студент» атануды баршамыз армандадық. Міне, үлкен арманның жолына түсіп, ерік-жігерді шыңдай білдік. Нәтижесінде, өмірлік жолымызды таңдауға асықпыз. Мінекей, өмірдің бізге дайындаған тосынсыйларын қабылдап, көптеген армандардың шыңына жетіп жатырмыз. Бірақ, нағыз бақыттың дәл балалық шақтағы алаңсыз өмір екендігін енді түсінудеміз.

Алайда, тек бір қағиданы естен шығармауға тиіспіз. Әрбір сәт олқылықтарымен бағалы. Балалық шақ балдай тәтті ғой, арасында ащысы болса да, ол- балалық еркеліктің еншісінде екенін дұрыс қабылдауға тиіспіз. Ертең аға буынға айналған шақта балалықты қатты сағынатынымыз анық. Әрине, сағынамыз. Қазір бізде сағыныш бар, бірақ ол соншалықты қатты емес. Бірақ балғын шақ қайтып оралмас өмірлік бөлік. Сол себепті, сенің балалық шағың – өміріңдегі ең басты теңдессіз байлық дегім келеді.

Дүйсенбек С.Р., Белисарова Ф.Б.

## ЖАСТАРҒА ЖАСАЛҒАН МҮМКІНДІК КӨП

Мен жастарға сенемін!  
М.Жұмабаев

Елімізде 2019 жылы «Жастар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 3 жыл бұрын «Жастар жылының» жабылу салтанатында еліміздегі біраз жастың мемлекеттік бағдарламалардан хабарсыз екенін, олардың қоғамдық жұмысқа араласпайтынын айтқан еді. Биыл осы мәселені шешу мақсатында «Мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қолдау» жобасы жүзеге асып отыр. Жобаның жастарға қандай пайдасы бар, олар кімге арналған? Мемлекеттен берілетін мүмкіндіктерді жастар не себепті білмей жүр? Жастар үшін жасалған жобаны қалай пайдалану қажет?

Жастардың қоғамдық өмірге араласқанын, баспана, жұмыс, білім алу мәселесіне келгенде мемлекеттік бағдарламаға жүгінгенін, ең кемі қандай бағдарлама бар екенін біліп жүруі біздің қоғам үшін өте маңызды. Осы мәселе аясында жастарды ақпараттандыру жұмысымен мемлекет кең көлемде айналысуда. Бірақ ақпараттардың жастарға толыққанды жетіспеуі, жұмыстың діндеген мақсатты топтарды қамти алмауы да көрініс беріп отырғандығы жасырын емес. Биыл Мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қолдау жобасын жүзеге асыруды «Алматы студенттер Альянсы» ұйымы алды. Яғни жастарға өз қатарластары ақпараттандыру жұмыстарын жүргізеді. Бұл аталмыш ұйым әр жоғары оқу орнының қабырғасында тоқтаусыз жұмыс жасап жатыр. Соның ішінде ғасырға жуық тарихы бар Қазақ Ұлттық университетінде де «ҚазҰУ студенттер Альянсы» білім алушы жастар үшін өз кеңестермен бөлісуде. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының гранттық жобасының негізінде биыл осы жұмысты «Алматы студенттер Альянсы» атқаратындығын ескерген жөн. Әрине, жоба басталмай тұрып жастар арасында арнайы сауалнама жүргізілген еді. Қазір де оған мыңға жуық респондент қатысып жатыр. Басты мақсат – сауалнамаға кемінде екі мың адамды қамтып, ақпараттандыру. Қатысушылар «Жастар ақпаратты қайдан алады?», «Қандай ақпарат

көзіне сенеді?» және тағы басқа оншақты сұраққа жауап берді. Осы зерттеуге талдау жасап, соның негізінде жоспар да жүзеге асады.

Бүгінде жастардың арасында бағдарлама құрылымымен таныспай, алға ұмтылмай, мемлекет ұсынатын жеңілдіктерді пайдаланбайтындары кездесіп жатады. Оқығысы да, жұмыс істегісі де келмейтін жастарды NEET санатына жатқызамыз. 2019 жылғы соңғы деректерде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастар жылының» жабылуында статистикалық деректерді айтты. Оның ішінде елімізде оқығысы да келмейтін, жұмыс та істемейтін NEET санатындағы жастар көбейіп жатқанын мәлімдеді. Әлеуметтанушылардың дерегінше, зерттеуге қатысқан жастардың 20%-ы мектеп бітіргеннен кейін үйінде отыруға мәжбүр. Сонымен қатар әр төрт жастың үшеуі мемлекеттік бағдарламалардан хабарсыз және қоғамдық жұмысқа араласпайды. Өңірлерден жастар орталықтарының барын білетін жастар өте аз, олардың 5%-ы ғана мұндай орталыққа жүгінген. Жастар ұйымдары ең әуелі NEET санатындағы жастармен жұмыс істеуі керек. Оларға дұрыс ақпараттың жетпеуінен кейбірі жалған ақпаратқа, басқа мақсатты көздейтін ұйымдарға алданып жатады. Оның үстіне NEET санатына жататын жастар жылдан-жылға өсіп келеді. Осы айтылғандардың негізінде биыл жастарды ақпараттандыру жобасы жүзеге аспақ. Негізінде мемлекеттен жастарға берілетін мүмкіндік көп. Тек жастармен сөйлесе қалсақ олар мемлекеттік бағдарламаларға сенбейді, бюрократияға балап жатады. Сонымен қатар мұндай ақпараттар жастарға түсініксіз, көбіне билік өкілдерінің, үкіметтің тілімен жеткізіледі. Сондықтан кез келген жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды өте қарапайым, түсінікті тілде жеткізу мемлекеттің басты мақсаттарының бірі. Ал осы мақсатты жүзеге асырудың ең негізгі әрі табысты көзі – жоғары оқу орындарына жүргізілетін кеңестер болмақ. ҚазҰУ студенттеріне жүргізілетін нақты әрі ашық кеңестердің арқасында ҚазҰУ-лық жастар мемлекет мүмкіндіктерінен толық хабардар.

Измалева А.Б., Белисарова Ф.Б.

## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ СЕРІК ЕТКЕН ЖАСТАРДЫҢ ҚАТАРЫ КӨП

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Мағжан сенген жалынды жастар көбеюде. Оның дәлелі «Қазақстан Республикасының үздік студенті – 2022» атанған ҚазҰУ-лық 2 студент. Университетіміздің басты стратегиялық мақсаты – ғылым, білім және инновациялардың интеграциясына негізделген әлемдік деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру негізінде отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары студенттерді анықтап, білікті мамандарды даярлау болып отыр. Сондай-ақ олар жаңа білім беру технологияларын енгізу, оқу процесін және ғылыми-зерттеу жобаларын жетілдіру, ғылыми-зерттеулердің әлеуетін дамыту мен әлеуметтік даму бағыттарын да талқыға салып жүр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген республикалық байқауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан 1-4 курс студенттері өтінім берген. Олар өздері жайлы жазған екі беттен кем емес өмірбаян мен диплом, алғыс хат сынды құжат көшірмелерін байқау ұйымдастырушыларына үш тілде жолдап үлгерген. Нәтижесінде, ғылым, өнер, спорт саласында жетістікке жеткен және ұйымдастырушылық қабілеті жоғары белсенді студент жастар бөйгеден іріктеліп, «ҚР үздік студенті – 2022» атты талантты студенттердің кітап-жинағына енуге мүмкіндік алды. Жоба мақсаты: ұлттық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие мамандардың кадрлық әлеуетін қалыптастырудан, ел және әлем азаматтарын қалыптастыруда сапалы жаңа нәтижеге қол жеткізуден және білімді беру және көбейту арқылы қоғамның тұрақты дамуын арттыру.

Студенттерге сапалы білім мен саналы тәрбие берген университеттің мақсаты – отандық және Еуразиялық еңбек нарықтары үшін олардың сұраныстарымен ел мен өңірді дамыту перспективаларына сәйкес кадрлық әлеуетті қалыптастыру; университет ғалымдарының ғылыми-зерттеулерінің нәтижелерін коммерцияландыру арқылы елдің тіршілік әрекетінің барлық салаларына инновациялық технологияларды енгізуге ықпал ету әрі ұлттық білім алуын, оның зияткерлік, мәдени, адамгершілік әлеуетін арттыруды қамтамасыз ету. Осыған сәйкес ҚазҰУ мамандары жастарды қоғам өміріне тәрбиелеп, дұрыс жұмыстар атқаруға бағыт-бағдар көрсетуде.

Оралбай А.Е., Белисарова Ф.Б.



# ТАЛАЙЛАРҒА АРМАН БОЛҒАН ҚАЗҰУ

Әр адам баласы дүние есігін ашқан сәттен бастап арман деген тәтті сезімнің жетегінде өмір сүреді. Оның үстіне «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деген керемет нақыл сөз бар. Иә, расында біздің әрбіріміздің жүрек түкпірімізде әртүрлі арман бар. Бірі «бай болсам» десе, ендігісі «қолымда тілегімді орындар кішкентай таяқша болғанын қалаймын» деп армандап жатады. Әрине, адамзаттың қиялы шексіз. Соған сәйкес біздің арманымыз да бізден әлдеқайда биік. Кейбірі ақ арманның жетегіне еріп, шынайы өмірден қол үзсе ендігісі асқақ арманын мақсатқа айналдырып, өмірлік жолын таңдап жатады. Асқақ арман жетегінде шарқ ұрып, мен де арманымды мақсатқа айналдырғандардың бірімін. «Неге? Ол қалай сонда?» деген қисынды сұрақтардың болуы, әрине, орынды. Олай болса мен сіздерге орындалған армандарымның бірін айтайын. Мектеп қабырғасында қарапайым оқушы болып, болашаққа аса қатты алаңдау, ойлану болды. Әсіресе жоғарғы сынып оқушысы атанған сәтте ата-анамның, мектеп ұжымының ең жиі қойып мазалаған сұрақтарының бірі: «Сен қандай мамандыққа және қай ЖОО түскің келеді?» еді. Менің бала жүрегімнен ойып тұрып орын алған тек бір ғана ЖОО болды. Ол бәріне арман болған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Мен қандай мамандықта оқысам да тек осы оқу орнына қатты түскім келді. Себебі мен бой түзеп, үлгі алатын тәлімгерлерім, аға-әпкелерім дәл осы оқу орнының үздік түлектері болатын. 1991 жылы университет адамзаттың екінші ұстазы атанған, түркі әлемінің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби есімін иеленді. 2001 жылы еліміздің алғашқы ұлттық университеті мәртебесін алды. Осы кезеңде барлық мамандық халықаралық

талаптарға сай «бакалавриат-магистратура» бойынша екі сатылы білім беру жүйесіне көшіріліп, университеттің құрамында ғылыми-зерттеу институттары мен технологиялық паркін құру жөнінде маңызды іс-шаралар атқарылды. Бұл жетістіктерге қол жеткізуде ректорлар Мейірхан Әбділдин және Көпжасар Нәрібаевтың қажырлы еңбектерін ерекше атап өткен жөн. 2003 жылы ҚазҰУ Орталық Азия жоғары оқу орындары арасынан алғашқы болып Болонья қаласындағы Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қою арқылы еуропалық білім беру кеңістігіне кірді. Ал 2006 жылы жоғары білім берудегі сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты атанды.

Мүмкін сол себепті де кішкентай күнгі арман бүгінде орынды мақсатқа айналды. 10-11 сыныпқа қадам басқанда қандай маман иесі атанарымды ойланым, екіойлы болып жүрдім. Уақыттың тығыздығына байланысты жылдам шешуге тура келді. Бірақ, не ойласам да іште тек бір мақсат, бір ой: «Мен қалай болса да ҚазҰУ-ға түсемін». Осылайша, ақ арманға дұрыс жоспар құрып, мақсатыма қарай үздіксіз әрекет еттім. Оқыдым, дайындалдым, білімімді толықтырдым. ҰБТ-да барынша жоғарғы ұпай жинап, армандаған оқу орныма жетуге асықтым және бұл менің қолымнан келді. ҚазҰУ – талайларға пана болған үлкен оқу орны. Оның 87 жылдық тарихындағы біршама арда азаматтар түлеп ұшып, өмірде өз орнына кірпіш болып қаланып жатыр. Осыған сай мен де арманым асығып, ҚазҰУ студенті атану үшін үлкен еңбекпен қол жеткіздім.

Кушекбаева А.Ж., Белисарова Ф.Б.

## ТӘУЕЛСІЗДІК - ТӘҢІРДІҢ ТӘТТІ СЫЙЫ

Міне, тарих сахнасында Қазақстанның тәуелсіз мемлекет атағына ие болғанына бүгінде 31 жылдың жүзі болды. Тәуелсіздікке жету, әрине, оңай жолмен келген жоқ, ол жағы бәрімізге мәлім. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалғаны мәлім болды. Тәуелсіз мемлекет атану – бізге үлкен серпіліс, күш берді, тіпті тарихи күш десек те болады. Біздің өз еркімізбен алға ұмтылуымыз мемлекет болып өркендеуімізге даңғыл жол ашты. Тәуелсіз мемлекет бола салысымен тосыннан келген мәселелер өз шешімін тапты. Адамзатқа ауыр тиген Семей полигоны жабылды, Арал теңізінде туындаған күрделі қиындық оңынан шешілуде, тарихи мұра, мәдениетіміз, қазақ тілі қайта жаңғыртылып, белгілі дәрежеге ие болды, табиғи байлығымызды өз иелігімізге қайтара алдық. Қазір біз болашағымызға сеніммен қарай алатын, зайырлы, өркениетті, индустриалдық жаңғырту жолында жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан ұлы мемлекетпіз.

Қазіргі таңда, Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санасатын мемлекетке айналдық. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үлкен шараларды, іс-әрекеттерді талап етеді. Яғни ішкі және сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өркендеуін, дүниежүзілік қауымдастықта өркениетті мемлекеттермен білікті қарым-қатынас жасау, әрине, бір адамның қолында емес. Бірақ халық атынан үлкен деңгейде сөйлей алатын, сөзін құлақ салып тындайтын, мемлекетке бағыт-бағдар беріп отыратын, ерекше тұлға, мемлекет басшысы – Президент.

Дүние керемет өзгеру жолында, бірақ біз ұлттық идеяны сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз керек. Әрине, ең бастысы, жеріміздегі ұлтаралық

келісім, саяси тұрақтылық, ыңтымақтастықты сақтай отырып, көптеген нәтижеге жете аламыз.

Негізгі бөлімде айтылмаған жетістіктер өте көп, бірақ спортқа келетін болсақ, ол еліміздегі ұлтаралық келісім мен бірліктің нәтижесі. Сыртқы және ішкі саясатты жүргізіп отырған азаматтарымыздың еңбегі де өте зор.

Біздің ел тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі екенін жан-жақты дәлелдеді. Абайдың 150 жылдығын «ЮНЕСКО» шеңберінде тойлады. «Біріккен Ұлттар Ұйымы» шеңберінде 2002 жылы Алматыда, яғни тұңғыш рет Азия құрлығында 24 мемлекет басшысын біріктіріп, кеңес өткізді. «Шанхай ыңтымақтастық ұйымын» құрудың негізгі ұйытқысы, алғашқы ұсыныс жасаумен танылды. Одан әрі, 2003 жылы Астанада тұңғыш рет әлемдік діндер жетекшілерінің съезін өткізумен тарихта аты жазылды. Алдымызда 100-ге жуық елдің басын қосатын халықаралық көрме «ЭКСПО-2017». Осының бәрін бағалауымыз керек.

Тәуелсіз мемлекет атанғалы еліміздің білім саласы да айтарлықтай дамып, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап өтер болсам, 1937 жылы ашылған М.Киров атындағы оқу орны 1991 жылы Тәуелсіздік қарсаңында «әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» атанды. Бүгінде аталған оқу орнында 20 000-нан астам болашақ білікті мамандар білім алууда.

Қазір біз өркендеудің жаңа жолына, әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне бет алдық. Еліміздің басшысы бекіткен жаңа экономикалық бағамда жаңа бағдарламалар, оның бағыттары және нәтижеге жету жолдары көрсетілген. Сол бағытты ұстанып, болашаққа сеніммен қадам басайық. Бабалар арманына айналған тәуелсіздікті қадірлей білейік.

Калмухамет Н.К., Пеньков Ф.М.

## ДОСТЫҚТЫҢ ҚАДІРІН БІЛІҢІЗ...

*Достық – асықпай өсетін өсімдік секілді.  
Ол пісіп жетілуді үшін талай сыннан өтуі керек.  
Джордж Вашингтон*

Шынайы достық – шынайы махаббат сияқты өте сирек кездеседі. Жалпы әлем үшін достық – бұл адалдық пен сенімділіктің бірлескен жарқын бейнесі. Нағыз дос адам жолдасына ешқашан опасыздық жасамайды, керісінше, өмірдің ағын да, қарасын да бірге көруге әрқашан дайын боларлық жанқияр жан.

Ал осы достық беймезгіл уақытта, әртүрлі жағдайда орын алады. Себебі өмір деген қызық дүние. Тек төрт еріптен тұратын бір сөздің астарында әр адамның санасына сараланған қаншама мағына жатыр десеңізші. Біз қазір әр түлекке арман болған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттеріміз. Бізбен бірге осы тақырып аясында өз өткеніне шолу жасаған ұстазымыз да бар. Енді осы тақырыпқа байланысты ұстазымыз бізге өзінің керемет бір оқиғасын баяндап берген еді. Соны қысқаша баяндап, өмірдегі достықтың қадірін көрсеткіміз келіп тұр. Олай болса ұстазымыздың әңгімесін мұқият оқыңыздар:

«Оқуға түскеннен кейін әр студент секілді біз де біраз адамдармен таныстық, араластық, қатарымызға қосылар жаңа достар таптық. Енді көп сөйлеп, созбай сол достар жайында әңгімеге көшелік. Әрине, көпке топырақ шашқымыз келмейді, бірақ өмірде сан түрлі мінезді адам бар екеніне тағы да куә болдық. Екеуімізге ортақ жақын бір досымыз болды. Әрине, бұл жазбада оның есімі жұмбақ болғаны дұрыс. Студенттік уақыттың қызықты шақтарын сол адаммен бірге көріп, талай қызықты әрі қиындыққа толы күндерді бірге бөлістік.


Ескере кететін бір жайт бар... Біз тек студенттік шақта танысып, дос болған жоқпыз. Мектеп қабырғасынан-ақ бірге ойнап, бірге күліп, арасына сызат түспеген дос едік. Өмірде неше түрлі адамдармен тіл табысасың. Ол таныстықтың бірі саған шын ниетпен көмек берсе, ендігісі алдап кетеді, келесі бірі бетіңе қарамай сатып кетеді. Бірақ менің бүгінгі айтқым келетіні ол емес. Бастысы сендердің араларындағы достықтың құрметін көрсету. Бүгін сол себепті де екеуіңе ең қымбат болған бір досым жайында әңгімелеп берейін», – деп ұстазымыз шамалы кідірді. Біз досым екеуіміз мұғалімнің бейнесіне мұқият көз жүгіртіп, әр сөзінен ғибрат алуға тырыстық. Одан соң ұстазымыз жай ырғақпен:

«Біз мектеп уақытынан дос едік. ЖОО-на Алматыға бірге түстік, тек әртүрлі оқу орны болатын. Менің әлі есімде, белгілі бір себептерге байланысты он бірінші сыныпты бітірер сәтте «Енді араласа алмаспыз, көріспейік» деп екі бөлініп кеткенбіз, бірақ бір қалада болғандықтан, қайтадан достығымыз үзілместен өз жалғасын тапты. Ең қызығы, біз дәл былтыр бір үйді бірге жалдап тұрдық. Бір нанды бөліп жеп, қиын кезде бір-бірімізге демеу бола білдік. Осылай жүргенде арада қаншама уақыттар өтті. Өткенге көз жүгіртсек, мендегі қызықты студенттік уақыт дәл сол жылдар болған тәрізді. Біз тек дос емес, туған бауырдай болғанбыз. Екеуіміз бір-бірімізге нағыз бауырға деген қамқорлықты танытып, отбасымыздан жырақта болғанда бір-бірімізге суықтық танытпаппыз. Осылай қанша уақыт өтті. Әлі есімде, олар үйлеріне қыста кеткен уақыттарында мен үйде өзім қала алмадым. Ол досымсыз менің демалысым жоқ секілді болып көрінетін. Араға біраз уақыт салып, олар қайта келсе менің сол сәттегі қуанышымды жеткізу мүмкін еместей еді. Әрине, мен есігімді оларға айқара аштым. Бірақ өзіме не болғанын білмей, өзгердім. Бұл жолы басқа адам едім. Оларды бұрынғыдай бауыр деп сырт көзге қабылдамасам да, іштей сол баяғы көңіл еді. Неге олай жасадым, оны өлі күнге дейін өзім де түсінбеймін, себебін білмеймін. Осылай біраз уақыт өтті. Мен ол бауырыма небір көңілге тиетін, құлазытатын сөздер айттым. Не керек, бір күні, оқу жылының соңына таяп қалғанда үлкен даудың иісі шықты. Ол күнгі менің жасаған әрекеттерімді мүлдем айтпай-ақ қояйын. Осылай біздің достығымыздың, сонша уақыттық бауырмашылдығымыздың бір бөлігі де қалмады. Міне, осылай біздің арамыз үзілді.

Біздің мұнымен айтқымыз келетіні, ұстазымыздың жай бір оқиғасы емес, керісінше, осы жағдай арқылы жақын досыңыздың адалдығына сенімді болсаңыз, оның көңілін қалдырудан абай болыңыз! Шынайы достар шыншыл болады, жағымпаздық пен екіжүзділікке орын жоқ. Шындық ащы болса да, оны жасырмай бетке айту – ұлы достыққа жасалған алғашқы нық қадамдар. Есіңізде болсын, дос – біздің айнамыз. Егер сіз адал болмасаңыз, өз досыңыздан адалдықты күтпеңіз! Міне, осы сәтте, кімнің қандай екенін түсінеміз».

Бақберген Н.С., Белисарова Ф.Б.

# ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ!



Тәуелсіз болудың ең қадірін көбіне шетке, бөтен елдерге барғанда, айқын аңғарасың. Қазіргі таңда шетелде тіл тәжірибесімен байланысты не білім алу үшін шетелдік университеттерде оқып жүрген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінің студенттері «Қайдан келдіңдер,

кімсіңдер?» деген сұрақтарға «Біз тәуелсіз Қазақстан деген елдің азаматымыз» деп, мақтанышпен айта алады. Осындай мәртебеге жету ғасырлар бойы бодандықта болған қазақтар үшін ең асыл құндылық екенін есте сақтау керек. Еркіндік деп аңсап өткен, азаттық үшін күрескен Сырым Датұлы, Исатай, Махамбет, Кенесары хан сынды хас батырларымыздың армандары 1991 жылы 16 желтоқсанда орындалып, дүниежүзі картасында Қазақстан мемлекеті пайда болды.

16-желтоқсан тәуелсіздікті паш ететін күн, сонымен қатар тәуелсіздік үшін күрескен азаматтарды аза тұтатын күн. 1986 жылғы қазақ жастарының дүмпіуімен тәуелсіздікке бастаған көтерілістер КСРО-ның ыдырауына және оның құрамындағы елдердің тәуелсіздік алуына алғышарт жасады. Бұл мерейлі күннің тарихи мәнін тану дегеніміз – тәуелсіз Қазақстанда өсіп жатқан жастардың Қазақстан тарихына, қазақ елі деп жүректері дүрсілдеген Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сынды қыршын кеткен желтоқсан құрбандарына құрмет, тағзым деп білеміз.

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушылары филология ғылымдарының докторы Б.Н.Жұбатова, филология ғылымдарының кандидаттары Ж.Р.Сейтметова мен А.К.Ахметбекованың ұйымдастыруымен «Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан 2, 3-курс студенттері «Тәуелсіздік – тұғырым!» атты тәрбие сағатын өткізді. Студенттер 16-желтоқсан құрбандарын еске ала отырып, олардың арман-тілектерін жалғастырушы жастар ретінде жаңа Қазақстанның болашағын құруда еліміздің тәуелсіздігін сақтау, қорғау жауапкершілігі олардың мойнында екенін сезіне алды.

Студенттер Қайрат пен Ләззатқа арналған өлеңдерді оқып, тарихын білмегеннің болашағы жоқ деген түйіндемеге келді.

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушылары Б.Н.Жұбатова, Ж.Р.Сейтметова, А.К.Ахметбекова

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ ҰШТАСҚАН ҚАРАШАҢЫРАҚ

Қазақ жұрты үшін ғылым мен білімде көшбасшы ғалымдар мекені – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті екені баршамызға аян. ҚазҰУ мамандықтарының негізін қалаған көшбасшылар мен сол жолды жалғастырушы кейінгі буын ғалымдар есімімен бүгінгі ғылымның тікелей байланысты болатыны да сондықтан. Еліміздің жоғары оқу орындары аталмыш білім ордасына қарап бой түзеп, онымен ынтымақтастық байланыс орнатқысы келетін осы білім мен ғылымның тартылыс күші. Мұндай беделге университет кезеңдермен кемелденіп, тарих толқынымен толысып, сындарлы жылдарда шыңдалу арқылы жетті.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты өлшемі – білім сапасы мен отандық ғылымның даму деңгейі арқылы анықталады. Осы өлшемнің биігінен көз салсақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері арқылы көңілге көп қуаныш ұялатады. Ұзақ әрі ұтымды жолды артқа тастаған білім ордасының бүгінгі келбеті өзгеше, келешегі тіптен нұрлы. Басты бағытын өскелең ұрпаққа нұрлы жол көрсетуге арнап келе жатқан университеттің жеткен жетістігі молынан еді. Бүгінде әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру жүйесіне бағытталған оқу ордасының кешегі тарихы ауыз толтыра айтар табыстарға толы. Еліміздің жетекші университеті әлемдік рейтингінде алға ілгерілеуде жоғары белсенділік танытып отыр.

Жақсылардың көзін көріп, данышпандардың дәрісін тыңдаған, ұлт қайраткерлерінің ұлағатын бойына сіңіріп, санасын байытқан зейінді шәкірттер ҚазҰУ-да оқығанын әрқашан мақтан етеді, сол алған білімдерін сан мыңдаған өзге де ізденушілердің санасына сәуле етіп құя білді. Ұлттық рухтың алтын бесігі болған ұлттық жоғары оқу орны бүгінде есімі елге белгілі, еңбегі халқына таныс ғалымдар мен

профессорлардан кенде емес. Олардың озық қатары көбеймесе азаймасы анық. Әл-Фараби бабамыздың сөздеріне жүгінсек, оның білім мен ғылым жолындағы даналығы, қиссалары, пәлсапасының мәңгілік «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» екенін естен шығармай, білім ордамыздың бүгінде отандық білім берудегі басты назарға қойылатұғын мәселесі – тәрбие мен тәртіп. Оқу үрдісі барысында сапалы біліммен қатар рухани тәрбие беру де басты мақсаттың бірі болып саналады. Әр кафедрада осы мақсатта әртүрлі тәрбиелік клубтар жұмыс атқаруда. Соның бір дәлелі ретінде филология факультетіндегі шет тілі кафедрасында 1-курс студенттерімен «Әл-Фараби: Ізгі қала тұрғындары» атты іс-шара өткізілді. Бұл шараның мақсаты жаңа келген студенттерді Әл-Фараби бабамыздың адам бойында жалпы көшбасшылық қасиеттердің қандай болатынын қалай бойға тәрбиелеп сіңдіру керектігі туралы құнды даналығын талқылады. Бақытқа жету және бақытты болу үшін де білім алу керектігіне мән берілді. Бұл қағиданың канша ғасырларды артқа қалдырылып жазылса да

қазіргі таңда ақпараттық технологияның қарқынмен дамып жатқанда біліммен қатар бақытты бола білу өзгеге көмектесу арқылы бақытты қыла білу зайырлы қоғамның бірден-бір ең маңызды мақсаты.

Сәттілік пен жетістіктің мәртебелі биігіне көтерілген қарашаңырақтың бүгінгі болмысы барша қазақтың мақтануына лайық, кемел келешегі бүкіл елдің көшбасшыларын дайындап, дамудың даңғыл жолындағы аса жоғары жетістіктері арқылы одан сайын асқақтай бермек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, шет тілдер кафедрасының аға оқытушылары Алиярова Л.М., Халенова А.Р.

# ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АРАБ ТІЛІ КҮНІНІҢ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ТҮЙЛАНУЫ



1973 жылы 18-желтоқсан күні БҰҰ Бас Ассамблеясы араб тілін ұйымның алтыншы ресми тілі деп қабылдады. 2012 жылдан бері 18-желтоқсанды Дүниежүзілік араб тілінің күні деп атау дәстүрі қалыптасты. Осыған орай желтоқсан айының 12-13 күндері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы Дүниежүзілік араб тілі күнін атап өтті. Бұл іс-шараға факультетке арнайы келген Біріккен Араб Әмірліктері Мәдени дипломатия істері бойынша халықаралық институттың басқарма басшысы доктор Мухаммед Камил әл-Муғайни бастап келген делегация қатысты. Іс-шараның алғашқы күні делегация Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының араб тілінен

сабақ беретін оқытушылармен кездесті. Декан Наталья Борисовна Ем қонақтарға Шығыстану факультеті араб тілін оқыту негізінде қалыптасқанын және қазіргі таңда араб тілінен басқа, түрік, қытай, корей, хинди, парсы, урду, жапон тілдерімен байланысты мамандықтар туралы баяндап берді.

Кафедра профессоры Б.Н.Жұбатова араб бөлімінің негізін қалаған алғашқы ұстаздар Әбсаттар қажы Дербісәлі, М.Н.Мәженова, Г.Р.Рамазанова еңбектерін атап өтіп, дипломатиялық қызметті атқарып жүрген түлектер, кафедраның жетістіктері жайлы тұшымды баяндама жасады. Кафедраның ғылыми саладағы мүмкіндіктері, атқарылып жатқан жобалар, магистранттар мен

докторанттардың ғылыми бағыттары бойынша кафедра доценті Ш.С.Қалиева әңгіме қозғады. Ал кафедра доценті А.К.Ахметбекова еліміздің тарихын жаңа көзқараста қарастыру үшін араб тілі мен қазақ тілінің байланысын зерттеу қажеттігін атап өтті.

Араб делегациясы мүшелері өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, толыққанды жауап алды. Кездесу барысында араб тілін оқытуға қатысты барлық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Іс-шараның екінші күні еліміздің Дүниежүзілік араб тілі күніне орай араб бөлімінде оқып жатқан 2,3 және 4-курс студенттері арасында өнер, білім сайысы жүргізілді.

Білім сайысы әр курс бойынша өткізілді. 2-курс студенттері араб тілінде қазақтың әшекей бұйымдарын, ұлттық тағамдарын (бауырсақ, құрт, шұбат) сипаттады. Шығармашылық тапсырма бойынша жастардың Біріккен Араб Әмірліктері туралы, араб тілі туралы білімдерін анықтауға арналған видео интервью өте қызықты шықты.

3-курс студенттері Асқарова Қымбат «Қазақстан және Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қарым-қатынастар», Еркінов Бекзат «Біріккен Араб Әмірліктері – қазіргі заманның ғажайыбы», Даулетқан Дарын «Араб тілі» тақырыбында презентация ұсынды.

4-курс студенттері араб мақал-мәтелдерін жатқа айтып, жарысқа түсті.

Өнер сайысында студенттер қазақ және араб тілінде өлең оқып, өн айтты. 3-курс студенті Құдайбергенова Асия оңтүстік мақаммен ақын Кедері Әбубәкірдің «Жараңдар, кеңес жазайын» термесін, Наурызғалиева Назерке батыстық мақаммен Шал ақынның термесін орындап, бір серпілтіп тастады. Мың құбылтып күй орындалып (3-курс студенті Қыдырова Алина), қаражорға биі де кештің сәнін келтірді.

Сайыс соңында жүлдегерлер анықталып, арнайы дипломмен марапатталды. Іс-шараға атсалысқан студенттерге араб қонақтары қаржылай сыйлық берді. Араб делегациясы студенттердің араб тілін меңгеру деңгейін жоғары бағалап, ұстаздар мен студенттерге алғыстарын білдірді.

Араб тілі күніне арналған іс-шараның соңында қазақтың дәстүрлі ет тағамы мен бауырсақ, құрт-ірімшік, қымыз-шұбаттар қонақтарға ұсынылды.

Атап айту керек, соңғы екі жылда кафедраның аталған институтпен қарым-қатынасы нығайып, тұрақты сипатқа ие болып келеді.

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының фил.ғ.к., аға оқытушы А.Б.Жиекбаева, фил.ғ.к., доцент А.К.Ахметбекова

## АНГЛИЙСКИЙ КЛУБ – ПРОЯВЛЕНИЕ ТВОРЧЕСКОЙ МЫСЛИ СТУДЕНТОВ И ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

Симон де Бовуар

Әр адам қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында үлкен жетістіктерге жеткісі келеді. Сәйкесінше, тосыннан келген қиындықтарға қарамастан даму үрдісін тоқтатпай, алға қадам басары белгілі. Көптеген табысты адамдар өздерінің дамуы үшін жасөспірім жасынан бастап-ақ жұмыс істей бастады. 1% талант және 99% жұмыс – бұл нағыз сәттіліктің құпиясы екені бәріне белгілі.

Ал енді болашағым бұлыңғыр болмасын десеңіз қазірден дамыңыз, оқыңыз, жасаңыз. Егер сіз өзгерістерден қорқатын болсаңыз демек бір орында тұрып қаласыз. Әрдайым ақылмен шешім қабылдап, қайтарымыңыз әрекетіңізді тоқтатпаңыз. Жарқын әрі сенімді болашаққа жету үшін алапат тауды қопарып, білек сынаудың қажеті жоқ. Бар болғаны дұрыс шешім қабылдай біліңіз. Шын мәнінде, жақсы жаққа қарай өзгеру өте қызықты әрі оңай. Ол үшін кішкентай кезіңізден белсенді болып, өзіңізге қажет ортаны қалыптастырыңыз. Осы әрекет арқылы жаңа биіктерді бағындыруға деген талпынысың еселене түседі. Ал ортаны қалыптастыру үшін өз қалауыңыздағы мамандықты таңдап, мүмкіндіктері мол жоғары оқу орнын таңдау қажет. Студент атанғаннан соң сіз өз өміріңіздің жеке авторы боласыз. Өзіңді дамытудың бір қадамы – талап қою. Әр кезеңде өзіңізге биік талаптарды қоя біліңіз. Мысалы, мен Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден 130 ұпай жинаймын. Мектепті аяқтаған соң өзім армандаған Қазақ Ұлттық университетіне грантқа түсемін, ол жақты қызыл дипломмен тамамдап, білікті маманға айналамын. Осы сынды талаптарды қойып, әрекет етсеңіз сіз міндетті түрде жетістікке жетесіз.

Осы мақалада ұсынатын кеңестерімнің бірі – кітап оқыңыз, түрлі тақырыптарды зерттеңіз. Шетелдіктердің өмірін қараңыз, қызықтаңыз, тіл меңгеріп, сол жаққа саяхаттауға әрекет етіңіз. Келесі бір кеңесім – студенттік өмірде не болмаса мектеп жасында өте белсенді болыңыз. Әртүрлі ұйымдарға қатысып, түрлі іс-шаралардың төрінде болыңыз. Менің тұлға ретінде дамуыма өз университетімдегі ұйымдар, апайлар, достарым себепші болған. Себебі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде дебат, спорттық ұйымдар, еріктілермен жұмыс, музыка, одан өзге ұйымдар жетерлік. Өз белсенділігіңіз арқылы айналыңызға өзіңіз секілді жаңа достар тауып, уақытыңызды тиімді өткізесіз. Үшіншіден, өзіңізге не ұнайтынын анықтап, үздік қабілеттеріңізді шыңдаңыз. Өткенге көп шолу жасамаңыз, қателік жасаудан қорықпаңыз. Болашақ қазіргі кездегі істеріңізге байланысты. Мен ұсынған кеңестерге құлақ түріп, алғашқы қадамдарды нық жасасаңыз оң нәтижеге тезірек қол жеткізесіз дегім келеді.

Жетекшісі Джансейтов Данияр Маралович  
теориялық және ядролық физика  
кафедрасының доценті м.а.  
Магистрант Дәрменқұлова Алтынай

## ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ – БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ

Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жастар. Иә, егемендіктің қадірін ұғынып, Тәуелсіздіктің көк туын көкке желбірететін жастар. Мемлекеттің дамуы мен өсіп-өркендеуі тікелей жастарға байланысты болғандықтан заман да жастардың бүгінгі тәрбиесі мен біліміне аса көңіл аударуды талап етуде. Бойында жалыны бар жастардың басым бөлігі қазір шетел асып, білімін арттырып жатыр. Алайда, шекара асып, шетелге кеткен азаматтарымыз Қазақстанға қайта келгісі келмейтіні де жасырын емес. Айтар сылтау мен орынды себеп көп. Осы сәтте ойға халқымыздың керемет нақы сөзі оралады. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе». Егеменді елдің басына қонған бағын ұстап тұру үшін мемлекет жастарында ең әуелі патриоттық сезім болуы тиіс.

Туған елі үшін үнемі тер төге қызмет етіп, халқымыздың мол рухани құндылықтарын бағалай білетін асыл тұлға.

Патриоттық сезім, алдымен, әрбір жеке тұлғаның ата-анасын, туған-туыстарын жақсы көруден басталары сөзсіз. Өз баласына жақсы тәлім-тәрбие беру, кемелдендіру кез келген ата-ананың міндеті. Адамның қоғамда қандай да бір әлеуметтік рөлі болмасын әуелден ол па-

расатты, адамгершілігі жоғары, елінің азаматы болуы тиіс. Тату тірлік пен ауызбірлік жылы ұямызға арқасын кең жайғанда адамгершілік атты асыл қасиеттердің адам бойына нық қонатынына, әрине, еш күмән келтірмейміз. Халықтың дана Абайы айтқандай, бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу, қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүйге, өз елінің тәрбиесі – тіршілігін, салт – санасын, әдет – құрпын білуге тәрбиелеу – нарықтық кезеңде маңызы жоғары тұрған зор міндеттердің бірі деп ойлаймын. Осы тәрбиенің ең маңыздысы – балаға патриоттық тәрбие беру. Қазіргі уақытта жастардың сапалы білім алуы, дұрыс мамандықты таңдауы және қоғамнан өз орнын табуы мемлекеттің болашағы үшін ең өзекті тақырыпқа айналды. Бірақ, оқыған, дамыған әлемнің 30 елінің қатарына кіреміз деп аптыққанда ғұрпымызға сіңген салт-дәстүрді, ұлы сезімдерді жоғалтып алмайық. Балаға оқу, ілім мен білім беремін деп жүргенде өзге шетелге қызмет етіп, өзге елдің сұлтаны боларлық буынды жасап алудан сақ болайық!

Мұхатай М.А., Дьячков В.В.

## ҰЛЫ ОРДАНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Бұл мақаламды өзімнің ең сүйікті оқу орным ҚазҰУ-дың бағындырған белестеріне арнағым келіп отыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – 1934 жылы С.М.Киров ретінде құрылып, кейіннен тәуелсіздік жылдарында бүгінгі атауына ие болып отыр. ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне айналу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде және ғаламдық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттырып келеді. Мұндай деңгей оның халықаралық рейтингтерде табысты ілгерілеріне ықпал етеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастарынан күтілетін үміт әрдайым жоғары. ҚазҰУ басшылары білім алушы жастардың ең үздік бастамаларын, мемлекеттік ұйымдардың барлық деңгейіндегі тиісті ресурстармен толық қамтамасыз етіп, әрқашан қолдау білдіреді. Атап айтар болсам, «Жастардың шығармашылығы мен күш жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» атты жобаға белсенді түрде қатысуға және өз білімдерін, біліктілік пен шығармашылықтарын жаңа креативті идеялар мен инновацияларды ойлап табуға. Қазақстанның ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы толығымен бүгінгі жастардың белсенділігіне байланысты. Осы орайда нәтиже тағы да рейтингке келіп тіреледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Academic Ranking of World Universities-European Standard» («ARES») атты беделді еуропалық рейтингісі бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарының арасында көшбасшы атанды. Ол өзінің «AA» көрсеткіштері бойынша еуропалық жетекші университеттердің қатарына кіріп, «A+» және одан төмен бағаларға ие болған басқа қазақстандық ЖОО-дың анағұрлым алдында тұр.

«ARES» халықаралық рейтингісі 2011 жылдан бері жүргізілуде, ол мемлекеттер бойынша қызметі еуропалық

стандарттарға сәйкес келетін университеттерді саралайды. Биылғы жылы аталмыш рейтингте Қазақстан бойынша толық 96 жоғары оқу орындары қатысты. «ARES»-тің нәтижелері әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктерімен ескеріледі.

Университет алдыңғы қатарлы тәжірибелер орталығына, инновация мен нақты өндірістің, ғылым мен білімнің ортақ трансфертіне айналуға. Ірі жоғары технологиялық корпорациялар университеттің зерттеу және білім беру жұмыстарына қаржыны араласады. ҚазҰУ-да «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica Minolta», «Fujitsu», «Samsung», «Alcatel», «Microsoft», «Лаборатория Касперского», «Huawei», «SAP» және т.б. әлемдік компаниялардың 16 ғылыми-білім беру орталықтары құрылған әрі сәтті жұмыс атқарып келеді.

Биылдың өзінде ҚазҰУ-лық ұжым тағы бір белесті бағындырды. QS агенттігінің тәуелсіз бағалау қорытындысының нәтижесі бойынша ҚазҰУ «QS Stars Development Road map» халықаралық рейтингісінің «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісін иеленген Қазақстан ЖОО-лары арасындағы бірінші және Орталық Азия аймағындағы жалғыз университет атанып отыр.

Менің мақаламдағы бұл жетістіктер ҚазҰУ-дың жылдық жетістіктерінің тек төрттен бір бөлігі. Демек, осы оқу орнында оқитын және оқығысы келетін әрбір тұлға үшін бұл үлкен мақтаныш болуы тиіс деп білемін. Қазақстан бойынша ең білімді, тәжірибелі әрі даму деңгейі бойынша көшбаспап тұрған оқу орнының мерейі әрдайым үстемдей береді деп үміттенеміз!

Жетекшісі Е.С.Мухамеджанов, PhD, теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы  
Магистрант Төлеу Сая Төстікбайқызы

**yimpas proma marketier zinciri**

**Самал-2, Д.48**  
**Маметова 67 А**

## СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



«Спорт – зор байлық». 02.12.2022 жылы, сағат:2-00-де 1-Алматыда «№6 Оқушылар үйінде» қалалық «Тоғызқұмалақ» жарысы өтті. Түркісіб ауданының қарттар төрайымы Г.А.Байгутджинова апайдың басқаруымен өтті. Ерлер арасында 1-орынды Ибрагимов Абдумажит, 2-орынды Асильбеков Абу, 3-орынды Әбіш Қуандық ағайлар алды. Ал әйелдер арасында 1-орынды Аяпова Улсара, 2-орынды Тоқтасынова Түрсунхан, 3-орынды Ашурова Кульжан апайлар иеленді. Спорт жарысының әр түріне белсене қатысатын қарттар өте көп, мысалы атап айтсақ Зерделі ықшамауданында тұратын Меңдібаев Жаныс ата 85, Кәрімқұлова Айман апа 82, Нұрсапаева Рысхан апа 81 жастағы ата, апалар. Скандинавиялық жүріске Чаграева Түрсунжан 75, Айдарханова Райхан 75, Ермаханов Алдаберген 70, Кенжетәева Күлайхан 82, Қарбаева Құлпаршин 66 жаста, Балғаным, т.б. апайлар ертеңгі суық аязға, жаздың ыстығына қарамай және марафондарға қатысады. Жаттықтырушылары: Ажимолдаева Абзелхан апай. Скандинавиялық жүріс денсаулыққа өте пайдалы, денедегі барлық бұлшық еттер қозғалысқа түседі, салмақ, жүрек қан айналымына, аяқ, буың, т.б. ауруларына әсері мол.

Алматы қаласы, №159 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі: Г.Қ. Жуманова



**Тұяқ Есхожияна**  
**Гүлжахан Жарымбетова**  
**Нағия Ештаева**  
**Арман Дүбәкір**

*Желтоқсан айында дүние есігін ашқан Түркі халықтары мәдени қорының белсенді мүшелері Тұяқ Есхожина, Гүлжахан Жарымбетова, Нағия Ештаева, Арман Дүбәкірді туған күндерімен құттықтаймыз! Сіздерге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырақтарыңызға шаттық орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Аспандарыңыз ашық, жүздеріңіз жарқын, шаттық-қуанышытарыңыз молынан болғай!*

**Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы**



## ДЕБАТТЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

Пікір күшті болса, іс те күшті болмақ.  
Уильям Шекспир

Пікірталас – қоғамдағы өзекті мәселені қозғайтын тапқырлар мен ойшылдардың тартысты бәсекесі. Дебат ойындарындағы құндылықтар мен ұсынылған механизмдер қоғамды жан-жақты дамытуға, өркеніетке қол жеткізуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, пікірлер ұштасқан жерде демократия да өрістейді. Жаңа заманның адамы әлеуметтік маңызды мәселелерді жете және жемісті талдай алуы тиіс. Дәлірек айтқанда өз ойларын түсіндіре алатын, дәлел боларлық мысал көрсететін, қарсы жақтың орынсыз деп тапқан пікірін жоққа шығарып, өз пікірінің дұрыстығын айқындап, өзгелерді өзіне сендіре алуы қажет. Сондықтан да мүмкін, іскер адамдар сөзталас өнерін, пікірталас шеберлігін үйренуді әрдайым мақсат етеді. Ұтқыр ой, тосыннан келген қарсылыққа тосқауыл боларлық қорғаныш, әдемі сөз бен жақсы дауыс ырғағы – кез келген адам баласының бойынан табылар өткір қасиеттердің бірі болуы тиіс.

Көбінесе қазіргі пікірталастар бірыңғай көзқарастың жоқтығынан әр түрлі пікірлер туындаған жайттардың төңірегінде өрбіп жатады. «Пікірталас» сөзінің өзі де өзге тілдердегі аудармасы «пікір қайшылығы» дегенді білдіреді. Әлемдегі дебаттың ішкі жай-күйін қозғамастан бұрын, Қазақстандағы дебаттың рөлін айқындап алайық. Елімізде пікірталастың бірнеше түрлері бар: пікір алмасу, ойталқы, пікір сайыс, ойбөліс, сөзталас, айтыс. Соның ішінде жастар арасында кеңінен танымалы пікірсайыс. Пікірсайыс – пікір алмасу, ойбөліс, сөз талас сынды қасиеттерден құралады. Оның ең негізгі мақсаты – әр түрлі қозғалыстарды салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәселенің шешімін іздеп табу. Дебат – дұрыстыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі. Алматыдағы жастар қазір көбіне осы дебат қозғалысын жан-жақты дамытып келеді. Атап өтер болса ЖОО студенттері мен мектеп қабырғасындағы қарапайым оқушылардың жеке ұйымдары бар. Олардың атауы мен ішкі ережелері әртүрлі болғанымен, пікірталаста қойылар талап бәріне ортақ. Ең бастысы – ойында қарсылас болсаң да, өмірде достыққа сызат түспеуі тиіс. Алматыдағы әрбір оқу орнының өзінде жеке дебат ұйымдары бар. Мысалы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Алтын Сапа» деп аталатын көпжылдық тарихымен қоса жеңімпаздарды тәрбиелеген дебат ұйымы бар. Сондай-ақ, осы ұйымдармен бәсекеге түсетін «Сүмбіле», «Таңдаулы экономистер одағы», «Технократ» сынды тарихы мен тағылымы мол пікірсайыс ұйымдары кездеседі. Атаулары мен белгілері өзгерек болғанымен бұл ұйымның барлығы Қазақстанның ертеңгі болашағын жасайтын бүгінгі жастарды қоғам өмірінде белсенді болуға баулиды. Студент жастардың өз пікірін қысылмай айтуына, әлемді дүр сілкіндірген мәселелер жайында еркін ой бөлісуіне, ойларындағы қателікті түсіндіріп, жаңа бағыт көрсетіп, тұлғалық дамуға үлкен әсер ететін ұйымдарға да 2021 жылдан бастап үлкен көңіл бөлінуде. Себебі елдің ертеңін жарық ету үшін әділетті қоғамды құру бүгіннен басталмақ.

Айта кету керек, пікірсайыстың табиғаты өзгешелеу. Мұны жай ғана сайыс емес деп есептеу үлкен қателік. Себебі ішінара пікірсайыс – көзқарасқа қарсы тұрушылық, идеядағы бітіспестік, пікірдегі қарсылық. Пікірсайыста бұлтартпас дәлелдерге, ғылыми аргументтерге жүгінеді. Мұндай тартысты бәсекелер әсіресе адами құндылықтар мен адам құқығы жөнінде жаңа көзқарастар туындаған кезде қоғамдық пікір қалыптастыру үшін өте маңызды деп өз сөзімді аяқтағым келеді.

**Жетекшісі: Джансейтов Данияр Маралович**  
**теориялық және ядролық физика кафедрасының доцент м.а.**  
**Магистрант: Дәрменқұлова Алтынай**

## МАҒЖАН СЕНГЕН ЖАСТАР!

Жастар – еліміздің болашағы, ертеңі, біздің қоғамның негізгі құраушысы деп жатамыз. Кешегі аға буынның бала буынға сынмен әрі сеніммен қарауы, оларға айтар әр сыны мен ескертпесі – жазылмаған заңдылық, адам болмысында бар ұлы мінез. Әдебиет әлеміне көз жүгіртсек, «Заман азып барады, жастар үлкенді сыйламайтын болды» деген ұлы сөзді кезіктіресіз. Бірақ, одан бері де сан ғасырды еңсердік, талай заманды бастан кешірдік. Алайда жүзінде ибасы, жүрегінде иманы бар жастарымыздың саны еселеп артпаса еш азайған жоқ. Жасыратыны жоқ, әр кезеңнің өз қиындығы, өз қайғысы бар, сонымен қатар өз жаңалық-жақсылықтары да бар. Кезең-кезеңімен рух та жаңғырып, адамның ой-санасы, ақыл-парасаты да кеңейе түсті. Әр адам өз тәжірибесіне сүйеніп сөйлейді. Өткен ғасырдың жарық жұлдызы, әйгілі Алаш қоғамының белсенді мүшесі, жастайынан шоқтығы биік болған Мағжанның сол кезде айтқан ең ұлағатты сөзі: «Мен жастарға сенемін!» «Заманың түлкі болса, тазы боп шал». Бұл айтылған жай бір сөз болса да ХХ ғасырдың ең ауыр қасіреті еді. Себебі мен мұңдалаған жастарды аяқтан шалған адамдар, көре алмайтын іштарлар көптеп болған. Соның салдарынан қазақ қоғамы біраз уақытқа әлсіреп, өзге елдің бодауына түскеніміз де өткеннің ащы шындығы. Сол зұлмат заманда Алаштың ардақтылары болашақты түзейтін жастарға үлкен сеніммен қарап, олардың ар-намысын биіктету үшін жанқиярлық әрекеттерге дайын болды. Демек, бүгінгі қоғамдағы жастардың өр рухына шынайы сенім білдірді, қолдады десек те болады. «Мағжан

сенген жастар сол сенімге лайық па?» деген сындарлы сұрақ әр азаматты толғандырып, көкейінде жауапсыз тұрғаны мәлім. Алайда менің пікірім бойынша Мағжанның сенген ақ үмітін бүгінгі жастар ақтауда. Себебі байқап қарасаңыз ХХІ ғасырдың балалары өз ойын ешкімнен қысылмай еркін айта алады, өз таңдауын қорықпай жасай алады әрі алға жылжуға әрдайым үлкен құлшыныста болады. Осы арқылы олар біздің ертеңімізді қалыптастырады. Өткен замандар сынды жұмыссыз, білімсіз, ащы суды ұрттап, үйді-үйді аралап, үкіметтің жауыз саясатына көнер тұлға жоқ. Бәрінің көзі ашық, көкірегі ояу. Демек, кезіндегі қараңғы қазақ көгіне біздің айтып жүрген жастарымыз өрмелеп шығып күн болуда. Олар еліміз-жерім дейтін үлкен патриоттық сезіммен білім алып, мемлекетке жаңа идеялар ұсынып, тың жобалардың бастамасы болуда. Атап айтар болсам, өткен жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінің 2-курс магистранты Алина Андирова «Bilim-ogkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық конференцияда «Қоғам белсендісі» дәрежесін иеленіп, «Жылдың үздік түлегі» атанды.

Жастарымыздың үлкен еңбегін осылай бағалайтын тәуелсіз елдің ұрпағы бола отырып, елімізді дамыту – біздің перзенттік парызымыз, ата-баба алдындағы ұлы міндетіміз деп қабылдауға тиіспіз.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты Д.А.Мыңжасарова,**  
**ф.и.ғ.кандидаты С.Н.Мукашева**

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ

1991 жыл мен 2022 жыл... Арада бір адамның ғұмырындай уақыт өтті. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 31 жыл толып отыр. Ұлан ғасыр көтерілістер, халықты зар қақтырған Ақтабан шұбырынды, жаппай жоңғар шапқыншылығы, зиялылардың құртқан реформалар, Отан үшін болған ұлы соғыс пен 1986 жылы боздақтарды қыршынан қиған желтоқсанның ызғарлы желі. Басымызға бақ боп қонған егемендікті алу үшін біздің жұрт жұтты да, қуанышты да, қайғыны да бірдей қабылдап, сынақтардан сынған жоқ. Ал 1991 жылы өзін «Тәуелсізбі!» деп жариялаған жаңа Қазақстан мемлекетін қолдаушылар мен дегендер көп болды. Тәуелсіз ел ретінде біз осы жылдары дербес даму жолында маңызды қадамдар жасап, толағай табыстарға қол жеткіздік деп еркін айта аламыз. Әр елдің басында бір жауапты басшысы болады. Басшысы қандай болса мемлекет те соған қарай бой түзер. Егемен Қазақстанның негізін құру және нығайтудағы тарихи миссия Қазақстанның Тұңғыш президенті – Нұрсұлтан Назарбаевтың еншісінде. Оның басшылығымен кең ауқымды құқықтық, экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар барлық салаларда жүзеге асырылды. Айтарлықтай трансформация ғылым және білім саласында жүргізілді. Ал одан соң мемлекет билігіне Республикамыздың екінші президенті – Қасым-Жомарт Тоқаев келді. Өзінің жаңа идеяларын ұсынып, саясаттағы кейбір олқылықтардың орнына тың бастамалар мен бағдарламаларды ұсына білді. Жастарға арналған түрлі мүмкіндіктерді арттырды. Демек, осынау 32 жылда екі басшының арқасында еліміз өркендеп, әлем нарығына кеңінен қанат жайғанын жазбау мүмкін емес.

Осындай ұлы жылда Қазақстандағы ең ауқымды әрі тарихы терең оқу орнына жаңа атау берілген еді. Әрине ол қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Тәуелсіздік жылдарынан бері біздің оқу орнымыз да азды-көпті жетістіктерге қол жеткізе білді. Ендігі менің жазарым 32 жылдың ішіндегі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болған айтулы оқиғалар болмақ:

- 1993 жылдың 9-қаңтарында ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің мәртебесі туралы» арнайы қаулысымен университетке автономды мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі берілді және ол Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университеті болып өзгертілді.
- 2001 жылдың 5-шілдесінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында алғашқы болып ұлттық университет ерекше мәртебесі берілді. Осындай ұлы атқа атымен де, затымен де сай оқу орны бола білді дегім келеді.
- 2004 жылы 15-қаңтарда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құрылғанына 70 жыл толуы аталып өтті.
- 2004 жылы ақпанда Президент Н.Назарбаев құрамына 14 жаңа объекті кіретін ҚазҰУ қалашығы құрылысының ІІ кезеңін бастауға тапсырма берді.
- 2004 жылы 2-қыркүйекте Елбасы Н.Назарбаев университетке келіп, Чех Республикасының Президенті Вацлав Клауспен болашақта салынатын ҚазҰУ кітапханасының орнына ресми тас қою салтанаты болды.
- 2006 жылы ҚазҰУ сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа»

сыйлығының лауреаты атанған мемлекет тарихындағы бірінші жоғары оқу орны болды. Бүгінде білімі мен біліктілігі жоғары университеттерінің қатарында көш бастап тұр.

- 2007 жылы 5-ақпанда Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-ға келіп, «Үздік ұстаз» грантын табыстаған.
  - 2007 жылы 21-желтоқсанда ҚазҰУ-да Ұлттық нанотехнология зертханасы ашылды.
  - 2008 жылы 2-қазанда «ҚазГУград» арнайы студенттік кинотеатры ашылды.
  - 2009 жылы 13-қазанда Президент Н.Назарбаевтың қатысуымен 1000 шаршы метрге орналасқан үш залдан тұратын Әл-Фараби мұражайының ашылу салтанаты болды.
  - 2010 жылы 1-қыркүйекте ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің 18 460 шаршы метрге орналасқан жаңа оқу корпусы қолданысқа берілді.
  - 2011 жылы 17-қаңтарда ҚазҰУ-дың жаңадан ашылған Экономикалық зерттеулер орталығы жұмысын бастады.
  - 2012 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 жоғары оқу орындары қатарына қосылды.
  - 2013 жылы ЮНЕСКО Бас директорының білім беру жөніндегі орынбасары Цянь Тан мырза арнайы сапармен келіп, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия аймағындағы тұрақты даму проблемаларының хабы болатыны туралы келісімге қол қойды.
  - 2014 жылы 15 қаңтарда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің 80 жылдығын кең ауқымда атап өтті. 4 ақпанда ҚазҰУ United Nation Academic Impact (БҰҰ академиялық ықпалы) тұрақты даму мәселелері бойынша жаһандық хабын басқару мәртебесіне ие болды.
  - 2015 жылы 14 сәуірде ҚазҰУ-да ЮНАИ аясында «Самсунг» инновациялық академиясының ашылу салтанаты өтті.
  - 2018 жылы тұрақты даму саласында университеттің басшылық қызметінің қорытындысы бойынша шешім қабылданып, United Nation Academic Impact (БҰҰ академиялық ықпалы) тұрақты даму мәселелері бойынша жаһандық хабын ҚазҰУ 2020 жылға дейін басқаратын болды.
  - 2019 жылы 11 наурызда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жаңа Жібек жолы – БҰҰ моделі: Ауғанстанды дамыту жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің «Ауғанстанда бейбітшілік орнатуға арналған Доха кездесуінің нәтижелері» мәселелері талқыланды.
  - 2020 жылы ғұлама ойшыл Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы және ұлы ақын Абайдың 175 жылдығын атап өтуге арналған сериялық іс-шаралар өтті.
- Мінекей, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәуелсіздіктің арқасында көптеген жаңа бастамалармен толығып, жастардың білімін арттыруға өз үлесін тигізуде.

**Жетекші: Садуев Нұржан Орынбасарович**  
**PhD, теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы**  
**Магистрант: Көрке Саят Қайратұлы**

## ФИЗИКА – ҒЫЛЫМ МЕН ІЛІМНІҢ БАСТАУЫ

*Физика – бұл тек нақты емес, сонымен қатар күнделікті болатын жалғыз мамандық. Нейл деГрасс Тайсон.*

Физика – әр заманның жалпы ғылымы. Соңғы он жылдықта көптеген салалар мен мамандықтар жоғары дамып кеткенмен, олардың барлығын байланыстырып отыратын үлкен әрі берік жіп бар. Бұл жіп — теориялық физикада қаланған негізгі түсініктер мен заңдар. Осыған дейінгі мақалаларда біз тек өткен замандағы физика қалай дамығанын зерттеп, сол бойынша сөз қозғаған екенбіз. Енді жаңа заманда физика қалай дамып жатыр екен? Соңғы жылдарда физиканың еншісінде болған ұлы ашылулар мен көптеген тәжірибелер орын алған екен. Физика өзінің жетістіктері және жеңілулері, жеңістері, қайғы-мұңы да бар ғылым болды және алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Ең бастысы оның дамуы еш уақытта тоқтамайды.

Бұл ұлы ғылым біздің мемлекетте де қарқынды дамып жатыр. Айтар болсақ, біздің оқу орындарында физиканы жанына серік еткен студенттер қатары күн санап өсуде. Жалпы, физика-техникалық факультет – республиканың жоғары білім беру саласында көшбасшысы. Еліміздің оқытушылары мен студенттері алдыңғы қатарлы әлемдік журналдарда мақалалар жариялап, әлем елдерімен тең бәсекеге түсуде. Соның арқасында, бүгінде патенттер мен авторлық куәліктер саны ұлғаюда. Осы сынды жетістіктердің барлығы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да факультет қабырғасында жұмыс істеген және өз жұмысын жалғастырушы ғалымдардың бірнеше ұрпақтарының таланты, ынтасы мен шығармашылығы арқасында ғана мүмкін болып отыр. Нәтижесінде, біздің оқу орнының Физика-техникалық факультетінің түлектері білім мен технологиялардың кез келген жаңа салаларын белсенді меңгеріп, еліміздің еңбек нарығында өте жоғары бағаға ие болып келетінін ескеру қажет. Тәуелсіздік жылдары білім сахнасында қол жеткізген жетістіктеріне қарамастан, физика-техникалық факультеті өз болашағын алдағы, Төртінші индустриялық революциямен байланыстыра отырып, өзінің дамуын ұзақ жылдарға жоспарлап отыр. Инновациялық экономиканы құру қазіргі заманғы білімсіз және ғылымды дамытусыз, оның нәтижелерін өндіріске кеңінен енгізусіз мүмкін емес. Осы мақсатта факультетте әлемнің жетекші университеттерінің бағдарламаларына сәйкес келетін жаңа оқу бағдарламалары әзірленді, ғылыми-техникалық зерттеулерді дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық жоба-жоспарлар жасалуда. Менің қазіргі білім алып жүрген факультетімнің дамуы сізге байланысты білімді де белсенді жастардың арқасында.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студент жастары өздерін жан-жақты қырларымен көрсетуден жалығар емес. Қайсыбір факультет болмасын өздерін өнерден де, білімнен де, тіпті, керемет ұйымдастырушылық қабілетімен де көрсетіп, өз ой-өрістерін дамытуда. Тек өз оқу орнымызда ғана емес, қалалар арасында да бірнеше студенттеріміз ғылыми конференцияларға қатысып, жоғарғы орындарды иеленіп келетін жайлары бар. Енді факультет ішіндегі өмірге оралайық. Факультет өмірінде біздің жастар осыған дейін алған білімдерін нығайтып, шыңдап бос уақыттарында ғылыми үйірмелермен айналысуда. Соның ішінде, ұстаздарымыз Белисарова Фарида Бексұлтанқызының және Кабатаева Раушан Сарсембековнаның басшылығымен ұйымдастырылып отырған «Thomson Reuters және Scopus» атты ғылыми үйірмені айта кетелік. Бұл үйірме арқылы студенттеріміз бірнеше дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, осы тақырып тұрғысында талқылап, соңғы жаңалықтарын айтып, осындай белсенділіктерімен бізді әрдайым қуантып келеді.

**Жетекші: Мухамеджанов Ержан Серикович PhD, теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы**  
**Магистрант: Тұрарова Ақерке Ермұханбетқызы**

## ӨМІРДЕ ҮШ ТАҢДАУДАН ҚАТЕЛЕСПЕ

Адам баласы адам баласынан тек ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Бұл Абай атамның кезінде мұра етіп қалдырған даналық сөздерінің бірі. Бірақ қара сөздің астарында ұлы мағына, үлкен мән жатыр. Расында, білімділердің тартысты бәсекесіне толы заманда ақылмен әрекет етсең өзіңе лайықты орынды алуға мүмкіндік көп. Өз сөзімді жалғастырмам бұрын ең әуелі бір пікірмен бөліскім келіп отыр: «Өмірде екі таңдаудан қателеспе деп жатады. Бірақ мен үш таңдаудан дер едім. Бәріне белгілі, әуелі жар таңдаудан, екінші мамандық таңдаудан, сосын оқу орнын таңдаудан. Өзіңді дамытып, парасаттылықтың биік белестерін бағындырғың келсе оқу орнын таңдауда дұрыс шешім қабылдау керек. Ал ғылымның шыңына шығып, адамдылық пен парасаттылықты ұмыттырмайтын тәлімгерлер біздің университеттің ұстаздары ғой...» Бұл әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне жас түлек ретінде келіп, 4 жылдан соң қолына дипломын алған жас маманның пікірі.

Шынымен де, адам баласы өмірге келе сала білім нәрімен сусындауға асығады. Мектеп, жоғарғы оқу орны, жұмыс орнында біліктілігін арттыратын арнайы курстар арқылы тоқтаусыз даму үстінде болады. Ал осы даму жолында жасалған бір шешім сіздің өміріңізге үлкен өзгерістер әкелуі мүмкін. Соның ішінде ең маңызды таңдау ол – жоғары оқу орындары.

Әр курс пен әр университет әртүрлі, әр студент әртүрлі нәрсені қалайды. Керемет сәйкестікті табу мүмкіндігі қиындық тудыруы мүмкін және үлкен өмірге аттану үшін сіз ең маңызды нәрсені шешуіңіз керек. Сонымен, неге үшінші бітіруші түлек әл-Фараби Қазақ Ұлттық университетін таңдайды?

Университетті таңдағанда, нақты факторларды зерттемес бұрын қарастырылуы тиіс бірнеше нәрселер бар. Ең алдымен, университеттерді зерттеуді бастаудың жақсы әдісін ұсынамын – университет рейтингтерін қарау. Бұл бір немесе басқа университеттің басқалармен салыстырғанда қаншалықты жақсы жұмыс істейтінін көруге мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстандағы ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы ең көне және мәртебелі оқу орындарының бірі. ҚазҰУ-дың ең басты басымдығы – бұл ұлттық университет, яғни бұл университет әлемдік деңгейде және әлемдегі ең үздік университеттердің қатарына кіретінін білдіреді.

Бүгінде жастардың басым бөлігінің мақсаты – шетелде жұмыс істеу, ал көптеген университеттердің дипломы шетелде тізімделмейді, ал ҚазҰУ дипломымен шетелде жұмысқа тұруға ықтималдық

жоғары. Өйткені университет Ұлттық болып табылады және оның дипломы Қазақстаннан басқа көптеген елдерде тізімделеді.

ҚазҰУ кеңес заманында ашылған университеттердің бірі болғандықтан, оның беделі мен құрметі әрқашан да зор. Әсіресе, мұғалімдерге ерекше назар аудару қажет. Себебі мұнда барлық пәндерді профессорлар, ғылым докторлары жүргізіп, студенттерге өз тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

Келесі зерттеуде университеттің орналасуы және оның инфрақұрылымы да маңызды рөл атқарды. Университет алып шаһардың орталығында орналасқан және бұл шағын қаланың құрылымы қала орталығындағы жеке оазис сияқты өте қызықты. Аталған оқу орнында барлық факультеттердің әртүрлі ғимараттарда орналасқаны оның өзіндік ерекшелігі деп санауға болады. Тек факультеттер ғана емес, университет кітапханасындағы білімге толы кітаптар әр студентке жасалған жағдайдың бірі деуге болады.

Атап өтерлік кезекті бір мәселе – университеттің әлеуметтік қызметтері мен ұйымдар студенттік өмірдің өте маңызды бөлігі болып табылады. Сондықтан университет ұсынатын әлеуметтік, спорттық және мәдени іс-шаралар мен клубтардың ауқымы жоғары талаптарға сай болуы өте маңызды. Себебі тек үздік оқу ол дәреже емес, өміріңізді кейбір ойын-сауықтармен, сізді шыңдайтын жарыстармен, жақсы таныстықтармен теңестіру маңызды. Бұл өз кезегінде болашақта жұмыс пен қарым-қатынас арасындағы дұрыс тепе-теңдікті табуға көмектеседі. Дәл ҚазҰУ бай студенттік өмірімен танымал, өйткені әр адамның жеке қабілеттеріне арналған көптеген үйірмелер бар. Егер сіз, мысалы, оқудан тыс уақытта бимен айналысатын болсаңыз, ондай үйірмелер бар, олардың негізгі бағыты би және әртүрлі байқауларға қатысып, өзін-өзі дамыту. Ал өнерге жоқ болсаңыз қайырымдылықпен, дебатпен айналысып, адамдарға көмектесіп, жаңа орта қалыптастыруға да ұсыныстар жетерлік.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде жоғары бәсекеге қабілеттілігін бүгінге дейін дәлелдеп келеді. Ол Round University ranking пәндік рейтингінде ұсынылған жалғыз қазақстандық ЖОО болды. ҚазҰУ – қазақы дәстүрге бай, білімділер мен біліктілердің басын қосқан, көпжылдық оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесі бар ең үздік оқу орны.

**Амешова А.М., Белисарова Ф.Б.**

## БОЛАШАҚ. ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ

Соңғы 5 жылдықта әлемді бірінші кезекте COVID-19 вирусынан туындаған ғаламдық пандемия қатты алаңдатты. Индетпен күрес шаралары халықаралық күн тәртібіндегі басты басымдылыққа ие және әлемнің барлық елдерінің алдында тұрған үлкен проблема болды. Сондай-ақ, әлемнің тұрақтылығына қауіп төндіретін басқа да жаһандық сын-қатерлердің де қауіп жойылған жоқ. Әлем 2023 жылға аяқ басқалы отырса да Таяу Шығыс әлі тұрақсыз. АҚШ пен Қытай арасындағы текетірес екі есе күшейіп келеді. Ресей мен Батыс елдері арасындағы дұшпандық та бар. Осы сын-қатерлер аясында мемлекеттер арасындағы ядролық соғыс қауіпті пропорцияда болып тұр.

Ядролық қару-жарақ пен ядролық қауіпсіздікке байланысты сан-түрлі мәселелер соңғы жылдары әлемдік баспасөз беттерінде ең өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бұл проблемалар әлемдік саясат пен зерттеулердегі, ең бастысы қоғамдық қабылдау мен көңіл-күйдегі ең өзекті мәселелердің біріне атануда. Осыдан екі жыл бұрын әлем ерекше датаны атап өткен болатын. Яғни, 75 жыл бұрын әлемде алғаш рет ядролық қару қолданылды. Содан бері бірнеше ұрпақ өсіп, заман жаңарып, уақыт өте Хиросима мен Нагасаки апаттары біртіндеп ұмыт бола бастады. Алайда, әлемдік ядролық архитектураның жай-күйін талдау бұның қате және қауіпті тәсіл екенін көрсетуден ешқашан талған емес.

Біріншіден, «Ядролық бестікке» де-факто ядролық қаруларға ие мемлекеттер де қосылды. Оларға бұл қаруға ие болуға жақын елдерді тағы қосуға болады. Екіншіден, жалпы ядролық арсеналдың шамамен 90 пайызын құрайтын Ресей мен АҚШ арасындағы қатынастары бүгінде өте төмен деңгейде. Үшінші кезекте, АҚШ-тың Бірлескен іс-қимыл жоспарынан шығуы Иранның да, Солтүстік Кореяның да ядролық түйіндеріне шешім табуда жаңа кедергілер тудырды.

Осыған қарамастан, Қазақстан өзінің сыртқы саяси қызметінің едәуір бөлігін арнайы ядролық қарудан азат әлемге жету идеясына арнап келеді. Қазақстан бірнеше жылдар бойы Семей полигонында ядролық қаруды сынаудың барлық қасіретін басынан өткеріп келді. Соның салдарынан қазақстандықтардың көп бөлігі зардап шекті. Бұл әлемдегі ең үлкен ядролық полигон 1991 жылы 29 тамызда арнайы бұйрықпен жабылған болатын. Бұл шешім адамзат тарихындағы ядролық сынақтарға алғашқы заңды әрі ең дұрыс тыйым болды. Кейінірек басқа штаттар да өз полигондарын жауып тастады немесе мотополлизм жасады. Осылайша, біздің елдің үлгісі қолдау тауып, жаһандық сипат алды. Оның үстіне, бұл 1996 жылғы сынақтарға тыйым салудың

жан-жақты келісіміне жол ашты. 2010 жылы Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады және қазір жыл сайын бүкіл әлемде атап өтіледі.

Халықаралық және аймақтық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ядролық қаруды таратпауға үлес қосатын Қазақстанның ұстанымын белсенді ілгерілетудің маңыздылығы мен маңыздылығын ескере отырып, бір топ ғалым – KazNAEN академиясының мүшелері, еліміздің Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен арнайы ауқымды зерттеу жүргізді. «Бұрынғы Семей полигонын қауіпсіз жағдайға келтіру бойынша ғылыми-техникалық және инженерлік жұмыстар кешенін жүргізу» деп аталатын үш томдық монографияда алғаш рет Қазақстанның бұл бағытта жинаған тәжірибесі жүйеленіп жинақталған. Монография ядролық қаруды сынаудың салдарын жою тәсілдері мен әдістерін қалыптастыруға, ядролық энергетика мен бейбіт ядролық технологияларды дамытуда қолдану үшін ядролық сынақтарды өткізу үшін құрылған ғылыми инфрақұрылымды бейімдеуге байланысты жаңа білім саласын ашты. Атап айтқанда, ядролық қарусызданудың практикалық мәселелерін шешуде, радиоэкологиялық қауіпсіздік деңгейін көтеруде және атом энергетикасын дамытуда қолданылған жаңа әдістер мен технологиялардың сипаттамалары мен апробация нәтижелері келтірілген. Ұсынылған жұмыс шеңберінде алынған, әлемдік ғылыми-техникалық қоғамдастық мойындаған және кеңінен талап еткен ғылыми нәтижелер жүргізілген зерттеулердің жоғары деңгейі мен бірегейлігін көрсетеді.

Бүгінде біз монография үлкен позитивті қоғамдық пікір туғызды және халықаралық даңққа ие болды деп сеніммен айта аламыз, бұл әлемнің жетекші ғылыми ұйымдары мен ғалымдарының ондаған шолуларымен расталады. Осы ғылыми жұмысты одан әрі дамыту ядролық қарусыз әлем идеяларын кеңінен таратуға, Қазақстанның халықаралық қауымдастықтың белсенді және жауапты қатысушысы – ядролық қарусыздану процесінің көшбасшысы ретіндегі позициясын нығайтуға, халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосуға ықпал ететіні сөзсіз.

**Жетекші: Нурбакова Г.С., ф.-м.ғ.к., теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы**  
**Магистрант: Маратов Рауан Ерланович**

## «ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ, АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ...»

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – феномен. Ол бүгінде өз ішінде жекелеген көптеген салаларға тармақталған аса ауқымды тіл білімі ғылымын тұтастай қамтып, одан бөлек өз біліктілік саласына тікелей қатыстылығы жоқ өнер, мәдениет пәндерін де зерттеген кемеңгер ғалым. Қ.Қ.Жұбановтың лингвистика ілімінің тарихындағы іргелі ғылыми концепциялардың авторлары Ф.Бопп, Ф.деСоссюр, Н.Я.Марр, Ф.Ф.Фортунатов, А.В.Богородицкий, т.б. көптеген классик-ғалымдардың еңбектерін талдап, бағалауы оны тіл философиясының ойшылы ретінде танытады. Қырық жасқа да жетпеген қысқа ғұмырында қазақ тіл білімі, тіл теориясы, қолданбалы тіл білімі салаларының өзекті мәселелері бойынша терең ғылыми талдаулары мен сол тұрғыдағы құнды ғылыми тұжырымдарын қамтыған мазмұнды еңбектерін жазып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бұл мұра, шынында да, қазіргі қазақ тілінің жазу реформасы, грамматикалық ережелер, терминология, аударма, т.б. мәселелері шешімінде басшылыққа алынатын бірден-бір ғылыми еңбекке айналды. Осындай деңгейдегі ғұлама ғалым балаң санамызда ерекше жаратылыс, қайталанбас құбылыс сияқты қабылданған еді. Сондықтан да болар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы тіл білімі кафедрасына оқытушылық қызметте «тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы» Асқар Құдайбергенұлы Жұбановпен қызметтес болу біз үшін үлкен бақыт.

Кафедраның сол кездегі меңгерушісі профессор Э.Д.Сүлейменованың тарапынан қазақстандық лингвистикадағы олқылықты толтыру мақсатында «Қолданбалы лингвистика» мамандығы ашылып қана қоймай, енді оның өз атына сай білім бағдарламасын құру, оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау сияқты міндеттер қойылып еді. Онсыз да ақсап тұрған салада мамандардың жеткіліксіздігі заңды да еді. Дей тұрғанмен, профессор Э.Д.Сүлейменова «Қолданбалы лингвистика» мамандығының

аталған мәселелері шешіміне ықпал ететін бірден-бір әрі бірейгей зерттеуші-ғалым деп Асқар Құдайбергенұлы Жұбановты таныды. Проф. Э.Д.Сүлейменова өз таңдауында қателескен жоқ. Расында, қысқа уақыттың ішінде Асқар ағай осы мамандықтың әліпбиі, іргетасы бойынша ғылыми ақпараттарға құрылған бірнеше оқу құралдарын «Основные принципы формализации содержания казахского текста» (2002), «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы» (2004), т.б. қысқа уақытта дайындап шықты.

Бұл аталған еңбектеріне қарап Асқар ағайды екі тілді тең меңгерген нағыз әмбилинг тұлға деп таныдық. Асқар ағайдың зерттеу еңбектерін қазақ тілінде де, орыс тілінде де бірдей ғылыми стильде еркін баяндай беретініне таңқалмасқа болмайды. Өйткені қайсыбір шетел тілін терең меңгере бастаса немесе өзге тілде білім алса, ана тілін ақсатып алатын билингв тұлғаларға қарағанда, Асқар ағай сияқты әмбилинг тұлға болу – әркімнің маңдайына жазыла бермейтін дарын, қабілет.

Асқар ағайымыздың қазақстандық қолданбалы лингвистика іргетасының теориялық негіздеріне арналған еңбектерінің осы саланы меңгеруде, түсінуде қалың тұманнан алып шыққан жолбаптаушыдай аса қажетті құрал болғаны жадымызда жаңғырып тұр.

Қалай болғанда да, Асқар ағайымыз ғалымдық зор қарымымен де, кісілік асыл қасиеттерімен де, бекзат жаратылысымен де үлкен ортаға, қалыптасып келе жатқан зиялы қауымға нұсқалы, өнегелі жол көрсеткен биік тұлға.

**А.Қ.Таусоғарова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

**С.Б.Бектемирова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

**Қ.С.Алдашева, PhD докторы**



## ЕСКЕ АЛУ

Қымбатты да ардақты досымыз, бір жүріп бірге жақсылықтарымызды бөліскен аяулы да ардақты ұстаз Нұрбүбі Кәбдікәрімқызы 70-ке қараған шағында дүниеден озғанына 40 күн болды. Сізді сағынышпен еске аламыз бірге жүрген күндерімізді әр уақытта ұмытпаймыз. Жатқан жеріңіз жайлы, топрағыңыз торқа, жанын жәннатта болсын!

Еске алушылар: Алматы қаласы, №156 мектеп мұғалімдері мен зейнеткер достарың



*Өмір - Жаратушының адам баласына берген шексіз нығметі әрі сынағы. Нығметі дейтініміз - сіз осы өмір арқылы Алланы танысыз, айналаңызды танысыз, құлшылық жасайсыз, жаман мен жақсыны үйренесіз. Бір сөзбен айтқанда, Алланың сүйікті құлы болуға әрекет жасайсыз. Ал сынағын айтар болсақ, ол өте ауыр, әр сәтіңізге, қалай өткеніне есеп бересіз.*

*Алла өзінің Рахман, Рахым, Әділ сипатымен барлық адамға өмірді тең дәрежеде берген, біреуге артық, біреуге кем бермеген. Әр адамның еншісінде 24 сағат бар. Адамдар осы өмірді тиімді пайдаланса, әрине алға қойған мақсатына жетеді. Алайда кейбіреулер өз өмірінің қадір-қасиетін тиімді пайдалана алмай жатады, бос нәрселермен өткізіп, не өзіне, не өзгеге пайдасын тигізе алмауда. Шындығында өмір жүйелі түрде өмір сүру үшін берілген, қайта айналып келмейтін үлкен мүмкіншілік. Өміріңді түзете алсаң, сонда ғана барлық бәрекеге қол жеткізесің.*

## ҚАЗҰУ – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті орталық Азиядағы ең үздік университеттердің қатарына кіреді.

Университет өзінің алып жатқан көлемімен де ерекшеленеді. «ҚазҰУ қалашығы» деп аты айтып тұрғандай, оның шекарасында бөлек өмір қайнап жатыр. Студенттердің сан қилы өмірі осы қалашықтың төңірегінде әртүрлі қызықты оқиғаларға толы болады.

Университетіміз қазақстандық рейтингтік агенттіктерінің көрсеткіші бойынша жоғары орындарға ие. Мәселен, отандық университеттер ұлттық рейтингісінің көшбасшысы және QS халықаралық рейтингінде лемнің 800 үздік университеттері арасында 150 орынға ие. Сондай-ақ, университет халықаралық Impact Rankings сияқты рейтингтерге белсене қатысып, жоғары көрсеткіштерге жетуді алдына мақсат қойып отыр.

Университет үшін білім беру сапасын стандарттарға сәйкес жоғары көрсеткіштерге теңестіру өте маңызды.

ҚазҰУ өз елінде ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары көрсеткішке ие болғандықтан, «халықаралықтандыру» бағыты бойынша әлемнің әр түкпірінен келіп, оқып жатқан білім алушылардың саны күннен-күнге артып келеді. Олар сапалы біліммен қоса, жоғары оқу орнының түрлі іс-шараларына да белсенді қатысып, мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуда.

Университет білім алушы тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін-өзі кемелдендіруіне қажетті жағдай жасау үшін бар күш-жігерін салып, студенттің өзін-өзі басқаруға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға мол мүмкіндіктер тудыруда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түсіп, жарқын болашаққа ұмтылушы шетелдік түлектер саны жыл санап артуда. Еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнының әлемдік рейтингтерде жоғары нәтижелерге ие болуы, сапалы біліммен қамтамасыз етуі, бәсекеге қабілетті, құзыретті оқытушы-профессорлық құрамы мен бірнеше тілде білім алу мүмкіндігі шетелдік талапкерлердің қызығушылығын арттыруда. Мәселен, 2020 жылғы оқу жылында филология факультетіне Қытай, Түрікменстан секілді мемлекеттерден «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығына 14 талапкер оқуға түсті. Түлектер Қазақ Ұлттық университетінің даярлау курсынан өтіп, емтиханнан жоғары нәтижелерге ие болған.

Осындай барлық жағдай жасалынған университетте білім алып, жұмыс істеп жатқанымызға қуаныштымыз. Барлық сабақтарды жүйелі, жан-жақты оқытатын оқытушылардың арқасында бүгінгі күні кез келген ортада өзімізді тілдік, мәдени құзыреттілігі жоғары мамандар ретінде ұстай аламыз.

ҚазҰУ ежелден өзінің имиджін қалыптастырған және осы уақытқа дейін өз дәрежесін сақтап келе жатқан университеттің бірі және бірейгейі.

**Түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD докторы, доцент м.а. Ж.Т. Таубаев**  
**Түркітану және тіл теориясы кафедрасының 1-курс докторанты Д.Е. Мырзаханова**



Меншік иесі:

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ**

**МӘДЕНИ ҚОРЫ**

**Президенті және**

**«Түркі Әлемі» газетінің**

**Бас редакторы –**

**АХМЕТ ДАҒДҰРАН**

**Түркі халықтары Әйелдер**

**комитетінің төрайымы –**

**Дариға ТҰРЛЫБЕК**

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады

**ИНДЕКСІ: 65862**

**ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.**

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 15 000 дана

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:**

**Индекс 050012, Алматы қаласы,**

**Байтұрсынов көшесі, 145/26,**

**Ғабдуллин көшесінің қилысы**

**Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40**

**e-mail: thmv\_almati@mail.ru www.turkvakif.com**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Дариға ЖҮНИСОВА**

**Ислам ЖЕМЕНЕЙ**

**Ахмет ТОҚТАБАЙ**

**Жарылқасын БОРАНБАЕВ**

**Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ**

**Тамара СУРА**

**Мақсұтхан ЖАҚЫП**

**Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА**

**Гаухар АСҚАРОВА**

**Мұсат ИМАНҚҰЛ**

Редактор:

**Арман ӘУБӘКІР**

Техникалық редактор:

**Фарида ТУҒАНБАЙ**

Корректор:

**Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ**

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ  
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті – Байланыс телефондары:

Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гюльшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

**PEGAS**  
TOURISTIK

НОВАЯ ВЫСОТА ВАШЕГО ОТДЫХА

Instagram: [pegas\\_asia](#)  
Website: [kz.pegast.asia](#)  
Phone: +7 700 022 2233  
Phone: +7 727 222 1818

**ROSETTA**  
SLEEPING SYSTEMS

**АДРЕСА:**  
 г. Алматы, ул. Маметовой 72, уг. ул. Наурызбай батыра  
 г. Алматы, кр. Кокмайса 26 Б/2 (Фабрика) 9  
 г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 4 блок, Линия F, 12 ряд, 51 бутик.  
 г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 3 блок, 10 ряд, линия D

**ROSETTA.KZ**

**КОНТАКТЫ:**  
 +7 701 951 37 03  
 +7 701 951 37 05  
 +7 701 351 76 39  
 +7 727 333 44 10